

#КүшімізБірлікте

Тәуелсіздік тарихында біз алғаш рет аса күрделі және қатерлі кезеңге тап болдық. Ел басына түскен осындай сынақты қайыспай біртұтас ел болып еңсере білдік. Енді біз мұндай жағдайға ешқашан жол бермеуіміз қажет.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

ФИБРАТ



ҰЛТЫ СҮЙГЕН ҰЛЫ ТҮЛҒА

12

ӨНЕР-ӨМІР



ӘН ПАДИШАСЫ

13

#ЕКПЕАЛ



KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

13.01.2022

Түнде:



0-2 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+5+7 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:
0-5 м/с

14.01.2022

Түнде:



0+2 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+6+8 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:
0-5 м/с

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҺАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | www.almaty-akshamy.kz | №1 (6136) 13 қаңтар, бейсенбі, 2022 жыл.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

«ҚАСИРЕТТІ ҚАҢТАР» САБАҒЫ: ҚОҒАМ ТҰТАСТЫҒЫ – ТӘУЕЛСІЗДІК КЕПІЛІ



Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің пленарлық отырысына қатысты

Ақорданың Баспасөз қызметі хабарлағандай, пленарлық отырысқа дейін Президент Парламент Мәжілісіндегі саяси партиялардың фракциялары жетекшілерінің алдында сөз сөйлеп, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі лауазымына Әлихан Смайыловтың кандидатурасын талқылауға ұсынды.

Фракциялар жетекшілері Әлихан Смайыловтың кандидатурасына қолдау білдірді. Бұдан кейін Қасым-Жомарт Тоқаев ҚР Конституциясының 44-бабына сәйкес Парламент Мәжілісінің қарауына Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі лауазымына Смайылов Әлихан Асханұлының кандидатурасын ұсынды.

2-3

COVID-19

«ҚЫЗЫЛ» АЙМАҚТАМЫЗ

Алматы қаласы эпидемиологиялық ахуалды бағалау матрицасы бойынша кеше «қызыл» аймаққа кірді. ҚР Бас мемлекеттік санитарлық дәрігерінің қаулысына сәйкес, шаһарда шектеу шараларын қатаңдату 5 күн ішінде, мүмкін одан бұрын қабылданатын болады.

Бір Алматы ғана емес, жалпы ел бойынша індет өршіді. «Қызыл» аймаққа бізбен бірге Нұр-Сұлтан мен Шымкент қалалары және Атырау облысы енді.

«Біздің негізгі міндетіміз – эпидемиологиялық ахуалды бақылауда ұстау. Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық талаптарды сақтауы бойынша іс-шараларды күшейту қажет. Денсаулық сақтау министрлігі, әкімдіктер ПТР-тестілеу санын ұлғайтсын. Жедел мониторинг жүргізіп, медицина қызметкерлерімен ауруханаларда резервтік орындардың дайындығын қамтамасыз етсін. Дәрі-дәрмек пен медициналық бұйымдардың жеткілікті болуын қадағалау қажет», – деді ҚР Премьер-Министрі Әлихан Смайылов кеше өткен Үкімет отырысында.

Сондай-ақ, үйде медициналық көмек көрсету үшін мобильді бригадалардың жұмысын жандандырып, оларды тегін дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету керектігін, дәріханаларда дәрі-дәрмектің тапшылығына жол бермеу шараларын қабылдау қажеттігін ескертті. «Ревакцинация жасау қарқыны да өте төмен. Сондықтан Денсаулық сақтау министрлігі мен әкімдіктерге халыққа ревакцинация жасау қарқынын барынша арттыруды тапсырамын. Әкімдіктер бұл мәселені жеке бақылауға алуы тиіс», – деді Премьер-Министр.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ҚЫСҚА...

- Елімізде халықтың табысын арттыру бағдарламасы әзірленеді.
- Сәдуақас Байғабұлов Алматының бас санитар дәрігері міндетін уақытша атқарушы болып тағайындалды.
- Қалада қоғамдық тамақтану орындарында ішімдік сатуға тыйым салынды.
- Абылай хан көшесі, 79 және Байтұрсынов көшесі, 22/1 мекенжайында мұқтаж жандарға көмек көрсету бойынша қалалық еріктілер штабы жұмыс істеуде.

www.almaty-akshamy.kz



ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА,

«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына
261-59-11, 259-88-99 (ішкі 0318) телефондары бойынша хабарласыңыз!





(Басы 1-бетте)

Нақты міндеттер жүктелді

– Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі лауазымына тағайындауға келісім беру үшін Әлихан Асханұлы Смайыловтың кандидатурасын Парламент Мәжілісінің қарауына ұсынамын. Ол тәжірибелі маман, еңбекқор мемлекеттік қызметші. Статистика жөніндегі агенттіктің төрағасы, Президенттің көмекшісі, Қаржы министрі, Премьер-Министрдің бірінші орынбасары болды. Қазақстан экономикасының болашағы туралы көзқарасы дұрыс. Нақты жоспары бар. Әлихан Асханұлы Үкіметтің жұмысын өте жақсы біледі. Өзіне жүктелген міндеттерді абыроймен атқарады деп сенемін, – деді Президент.

Саяси партиялардың фракция жетекшілері, Парламент Мәжілісінің депутаттары Әлихан Смайыловтың кандидатурасына қолдау білдіріп, сөз сөйледі. Талқылаулардан кейін дауыс беріліп, Мәжіліс Президенттің Әлихан Смайыловты Үкімет басшысы лауазымына тағайындау жөніндегі ұсынысына келісім берді. Пленарлық отырыста Қасым-Жомарт Тоқаев Әлихан Смайыловты Премьер-Министр лауазымына тағайындау туралы Жарлыққа қол қойды.

Мемлекет басшысы жаңа Үкіметке саяси, әлеуметтік-экономикалық салалардағы және ұлттық қауіпсіздік пен қорғанысты қамтамасыз ету жөніндегі өзекті мәселелерді шешу үшін нақты міндеттер жүктелді.

Сынақты біртұтас ел болып өңсере білдік

Мемлекет басшысы еліміз душар болған ауыр қасіреттің себептерін саралап, оның салдарына нақты баға беру керегін айтты.

– Тәуелсіздік тарихында біз алғаш рет аса күрделі және қатерлі кезеңге тап болдық. Ел басына түскен осындай сынақты қайыспай біртұтас ел болып өңсере білдік. Енді біз мұндай жағдайға ешқашан жол бермеуіміз қажет. Сондықтан еліміз душар болған ауыр қасіреттің себептерін саралап, оның салдарына нақты баға беру – алдымызда тұрған өте маңызды міндет.

Өкінішке қарай, бүгінде халық арасында осы оқиғаларға байланысты түрлі қарама-қайшы, шындыққа жанаспайтын жалған ақпараттар тарап кеткенін көріп отырмыз. Мұның, әрине, бірнеше себептері бар: кейбір азаматтарымыз ахуалды егжей-тегжей білмей тұрып, қате пікірде болса, кейбірі әдейі ақпаратты бұрмалап, жағдайды одан бетер ушықтырады. Бірақ бізге керегі – тек ақиқат ғана. Сол себепті, оқиғаларды мұқият зерттей отырып, айтарым: жыл басынан бері орын алған барлық жағдайлар – бір тізбектің тармақтары деуге толық негіз бар. Ашығын айтсақ, бұл бірнеше жыл бойы алдын ала ойластырылған зұлымдықтың көрінісі. Олардың көздегені – өздерінің қатыгез ниеттерін іске асыру болғаны айдан анық, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымына жеке тоқталды. Бұған қатысты түрлі қауесеттің, әсіресе, шет елде тарап жатқан жасасқ пікірдің алдын алу қажеттігіне маңыз берді. Бұл ұйымның ұжымдық қауіпсіздік мәселелерімен айналысатынына, Қазақстан – оның толыққанды құрылтайшысының бірі екендігіне, осы ұйымның барлық мүшелерінен жасақталған бітімгершілік контингенті Қазақстанға уақытша мерзімге ғана келгенін қадап айтып, оған жүктелген міндеттер нақты айқындалғанын еске салды: «Бұл – стратегиялық нысандарды күзету және ақыл-кеңес беріп, қолдау көрсету. Лаңкестерге қарсы операцияны толығымен Қазақстанның күштік құрылымдары жүзеге асыруда. Шын мәнінде, солардың жанкешті іс-әрекетінің арқасында төңкеріске жол берілген жоқ», – деді Мемлекет басшысы.

Барлық өңірлердегі жағдай тұрақты

Президент алда атқарылар маңызды жұмыстарға тоқталды. Біріншіден, антитеррорлық операцияны табысты аяқтап, құқықтық тәртіпті қалпына келтіру қажеттігі айтылды. Азаматтар қалалар мен ауылдарда алаңсыз емін-еркін өмір сүруі, жұмыс істеуі, білім алуы, балалары мен жақындарының қауіпсіздігі үшін сенімді болуы тиіс. «Жалпы, терроризмге қарсы операцияның өткір кезеңі өтті, барлық өңірлердегі жағдай тұрақты. Осыған байланысты ҰҚШҰ бітімгершілік күштерінің негізгі миссиясы сәтті аяқталғанын мәлімдеймін. Екі күннен кейін ҰҚШҰ Біріккен бітімгершілік контингентінің кезең-кезеңімен шығару басталады», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев. Мемлекет басшысы шығару процесі 10 күннен аспайтынын айтты.

Екіншіден, бейбіт тұрғындарға қарсы қылмыс жасаған содырлар мен олардың сыбайластарын тауып, жазаға тарту, террористік шабуылдардың артында тұрған адамдарды анықтау да – өзекті мәселе.

**Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:**

«ҚАСІРЕТТІ ҚАҢТАР» ҚОҒАМ ТҮТАСТЫҒЫ –

Үшіншіден, Мемлекет басшысы атап көрсеткендей, қаза болған тәртіп сақшыларының, әскери қызметшілер мен қарапайым азаматтардың отбасына көмек көрсету – біздің қасиетті борышымыз. Оларды тұрғын үймен, оқумен және басқа да қажетті нәрсемен қамтамасыз етуге айрықша маңыз берілмек. Бұл мәселе Президенттің жіті бақылауында болады.

Төртіншіден, қысқа мерзім ішінде қираған дүние-мүлікті қалпына келтіріп, толығымен қалыпты өмірге оралу қажеттігі айтылды. «Қаржы жүйесі мен көлік саласының, азық-түлік жеткізу ісінің еш кедергісіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету қажет. Тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің тапшылығын, бағаның негізсіз көтерілуін болдырмау маңызды. Үкімет комиссиясы өз жұмысынан реттеу қажеттігі айтылды. Атап айтқанда, несиелер бойынша пайыздық төлемдер, айыппұл мен өсімпұл белгілеу тоқтатыла тұрады», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Бесіншіден, күн тәртібінде еліміздің қауіпсіздігін нығайту және қауіп-қатердің алдын алу үшін шұғыл шараларды жүзеге асыру қажеттігі тұр. Президент тұжырымдағандай, бұл бағдарда сарбаздарды, әскери техника мен қару-жарақты қажетті жерге жедел жеткізу үшін әскери-көлік авиациясы паркін толықтыру ісін қолға алу, мемлекеттік шекараны нығайту керек. Сондай-ақ, көпші-қон, соның ішінде ішкі көпші-қон саласын тәртіпке келтіретін кез келгені, қару-жарақ айналымын мұқият тексеріп, оны заң тұрғысынан реттеу қажеттігі де айтылды. Шұғыл түрде қираған ғимараттар мен арнаулы техниканы жөндеп, бейнебақылау жүйесін іске қосып, құқық қорғау органдарының қызметін қалпына келтіру керектігі де басымдықтар қатарында аталды.

Мемлекет басшысы еліміздің жаңа экономикалық тұғырын қалыптастыруды мықтап қолға алу қажеттігіне маңыз берді.

– Экономикалық саясатымыздың мақсаты – айқын. Бұл – заман талабына сай әлеуметтік бағдары бар нарықтық экономика құру және дамыту. Бұл жүйенің өзегінде қозғалыстағы жауапкершілігін сезіне білетін кәсіпкерлеріміздің ауқымды тобы тұратыны анық. Яғни бұл – өзінің және балаларының тағдырын Қазақстанмен ғана байланыстыратын кәсіпкерлер. Дәл осындай кәсіпкерлер ел болашағы үшін өзіне жауапкершілік алуға дайын. Сол себепті, кәсіпкерлікті дамыту үшін жүйелі жұмыс атқару өте маңызды. Мен бизнеске түскен бюрократиялық салмақты айтарлықтай азайтып, оның өсіп-өркендеуіне жол ашатын заңға қол қойдым. Үкімет осы заңның әлеуетін нақты іс жүзінде пайдалануы қажет, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Әділ бәсекелестік экономика үшін басты талапқа айналуға тиіс

Президент атап өткендей, әділ бәсекелестік біздің экономика үшін басты талапқа

айналуға тиіс. Бүгінде бағаны ымыраласа отырып белгілеу қалыпты нәрсеге айналды. Мемлекеттік және квазимемлекеттік сектордың сатып алу саласында картельді келісімдер жасасу кеңінен тарап кетті.

– Мен былтыр фармацевтика нарығындағы картельді ретке келтіруді тапсырдым. Бірақ кейбіреулер заңнамадағы кемшіліктерді желеу етіп, бұл жұмысты аяқсыз қалдыруға тырысуда. Сондықтан картельді келісімдер жасасты деген күдік болған жағдайда мемлекеттік сатып алуға қатысушыларды тексеруге тыйым салу туралы мораторийдің күшін жоюды тапсырамын.

Жылдан-жылға біздің азаматтарымыз бен кәсіпкерлеріміз жанар-жағар май өндіру және оны бөліп-тарату жүйесінің ашық болмауынан зардап шегіп келеді. Тіпті, жанар-жағар май бағасын жарты жыл бойы қолдан реттеуге мәжбүр болып отырмыз. Осы кезеңде Бас прокуратура Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігімен, сондай-ақ Энергетика министрлігімен бірлесіп, осы саладағы жұмыстарды ретке келтіруге, оны реформалау үшін кешенді ұсыныстар әзірлеуге тиіс. Егер бұл жұмыс бір жолға қойылмаса, жанар-жағар май бағасын реттеу жүйесі сақталады.

Келесі мәселе – «Самұрық-Қазына» қоры қызметінің тиімділігі. Бүгінде бұл қордың активі еліміздің ішкі жалпы өнімінің 60 пайызына жуықтайды. Яғни осы ұйымның тиімді қызметі бүкіл экономикамызды өркендетуге тікелей әсер етеді. Қордың КЕГОК, Қазақгаз және Қазақстан темір-жолы сияқты инфрақұрылымдық компаниялары экономикамыздың барлық дерлік секторының тиімділігін айқындайды. Осы тұста, қор өзінің негізгі міндетін орындап отыр ма, яғни ұлттық байлықты еселей алды ма деген орынды сұрақ туындайды. Қомақты жалақы алатын қызметкерлері, директорлар кеңесі немен айналысады? Қызметі өте қымбат консалтинг компанияларын және иштелдік мамандарды жұмысқа тартқаннан пайда бар ма? «Самұрық-Қазына» қоры еліміздің стратегиялық активтерін басқару ісінде басты рөл атқарады. Сондықтан Үкіметке Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігімен бірлесіп, квазимемлекеттік секторды түбегейлі реформалау үшін ұсыныстар әзірлеуді тапсырамын. Егер Қорды реформалау мүлдем мүмкін болмаса, ондай құрылымның экономикамызда болмағаны жөн, – деді Мемлекет басшысы.

Алқалы жиында сөйлеген сөзінде Қасым-Жомарт Тоқаев экономикалық өсім мемлекеттің экономикадағы үлесін азайтумен тығыз байланысты екеніне тоқталып, алайда жекешелендіру жүйелі және ашық жүргізілмейтінін сыңға алды. Ол бәсекелестік ортаға берілуге тиіс активтерді іріктеу тәсілдері айқындалмағанын мәлімдеп, оны шұғыл әзірлеу қажеттігін тапсырды.

– Үкіметке Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігімен бірлесіп, тиісті Мемлекеттік комиссияның жекешелендіруге қатысты шешімдерінің толық ашық әрі ай-

қын болуын қамтамасыз етуді тапсырамын. Экономиканы әртараптандыру – күрделі міндет. Әртараптандыру болмаса, азаматтарымыздың әл-ауқатын арттырып, тұрақты жұмыс орындарын ашу мүмкін емес. Бұл жұмыстың басты бағыты – өңдеу өнеркәсібін дамыту. Дегенмен, ел экономикасындағы өңдеу өнеркәсібінің үлесі айтарлықтай өсті деп айтуға келмейді. Біз әлі күнге дейін бірқатар өнім түрінен импортқа тәуелдіміз. Жыл өткен сайын еліміздің төлем балансында өткір тапшылық байқалуда. Алюминийден, мыстан жасалған дайын бұйымдар және машина жасау саласына қажетті жабдықтар әлі күнге дейін шет елден әкелінеді. 2020 жылдың қорытындысы бойынша тек мұнай-газ және тау-кен машина жасау саласының импорты 4 миллиард доллардан асты. Әлде еліміздегі кейбір адамдар ахуалдың дәл осындай күйде болуына мүдделі ме? Үкімет бүкіл өнеркәсіп саласына терең талдау жұмысын жүргізуге тиіс. Шикізат қорын, құзыреттері мен экономикалық тиімділікті ескере отырып, бәсекеге қабілетті секторларды анықтау керек. Жүргізілген талдаудың негізінде нақты жобаларды әзірлеп, инвесторларды

тарту қажет. Бұл – Үкіметтің жаңа құрамының алдында тұрған басты міндеттердің бірі, – деді Президент.

Азық-түлік қауіпсіздігін түбегейлі шешу қажет

Қасым-Жомарт Тоқаев соңғы жылы елімізде қуаңшылық болғанын еске салып, ауыл шаруашылығына ерекше назар аудару керектігін атап көрсетті.

– Былтырға қарағанда жиналған астық көлемі 4 миллион тоннаға кеміді. Бұл ішкі-затпен және жем-шөппен қамтамасыз ету ісіне әсер етті. Болжам бойынша был да ахуал күрделі болуы мүмкін. Үкімет тұқыммен, жем-шөппен, тыңайтқышпен қамтамасыз ету мәселелерін және егін егу науқанын қатаң бақылауда ұстауға тиіс. Субсидияны тұрақты беруге қатысты мәселе жиі көтеріледі. Мен бұған дейін субсидиялау тәсілдерін қайта қарау қажеттігі туралы тапсырма берген болатынмын. Бұл жұмыс қысқа мерзім ішінде атқарылуға тиіс. Біз субсидия алуды жеңілдетуге, оның қолжетімді болуын және ашықтығын қамтамасыз етуге тиіспіз. Жуырда болған заң бұзушылықтардың қайталануына жол бермеу маңызды.

Алдағы үш жылда азық-түлік қауіпсіздігі мәселесін түбегейлі шешу қажет. Бұл Үкімет пен әкімдердің алдында тұрған негізгі басымдық екеніне айрықша назар аударамын. Егер нарықта азық-түлік тауарлары мол болмаса, инфляцияны ұстап тұруға ешқандай шара көмектеспейді, – деді Мемлекет басшысы.

Несиелер бойынша пайыздық төлемдер, айыппұл мен өсімпұл белгілеу тоқтатыла тұрады

Мемлекет басшысы кәсіпкерлерге несиелер бойынша пайыздық төлемдер, айыппұл мен өсімпұл белгілеу тоқтатыла тұратынын айтты.

– Қысқа мерзім ішінде қираған дүние-мүлікті қалпына келтіру керек. Толығымен қалыпты өмірге ораламыз. Қаржы жүйесі мен көлік саласының, азық-түлік жеткізу ісінің еш кедергісіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету қажет. Тауарлармен көрсетілетін қызметтердің тапшылығын, бағаның негізсіз көтерілуін болдырмау маңызды. Үкімет комиссиясы өз жұмысын бастап кетті. Ол азаматтар мен бизнеске қолдау көрсетеді. Мемлекет қаржылай көмекпен қатар кәсіпкерлерге басқа да қолдау түрлерін ұсынады. Атап айтқанда, несиелер бойынша пайыздық төлемдер, айыппұл мен өсімпұл белгілеу тоқтатыла тұрады, – деді Мәжіліс отырысына бейнебайланыс арқылы қатысқан Қазақстан Президенті.

Тәртіпсіздік кезінде қаза болғандардың отбасына көмек көрсетіледі

Мәжіліс отырысына бейнебайланыс арқылы қатысқан Мемлекет басшысы тәртіпсіздіктерде қаза болғандардың отбасына көмек көрсету біздің қасиетті борышымыз деп мәлімдеді. «Қаза болған тәртіп сақшыларының, әскери қызметшілер мен қара-



пайым азаматтардың отбасына көмек көрсету біздің қасиетті борышымыз. Бұл мәселе менің жіті бақылауымда болады. Тұрғын үймен, оқумен және басқа да қажетті нәрсемен қамтамасыз етеміз», – деді Президент.

Құқық қорғау жүйесін реформалауға түзетулер енгізу қажет

Мемлекет басшысы құқық қорғау жүйесін реформалауға шұғыл түзетулер енгізу қажеттігін айтты.

Президент атап өткендей, қарулы күштер, құқық қорғау құрылымдары, ұлттық қауіпсіздік, сыртқы барлау органдары бір мақсат – азаматтарымызды, конституциялық құрылысты, егемендікті кез келген сипаттағы және ауқымдағы қауіп-қатермен барынша тиімді қорғау үшін үйлесімді жұмыс істеуі тиіс. Оның айтуынша, мұны мемлекетіміздің түпкі мүдделері талап етеді.

– Бұл міндетті шешу үшін келесі басымдықтарға назар аудару қажет. Біріншісі – құқық қорғау жүйесін реформалауға шұғыл түзетулер енгізу. Күш құрылымдарының қолбасшылығы жауынгерлік машықтарды пысықтауға, қорғану мен

5 жылдық мораторий жарияланды

Мемлекет басшысы Үкімет мүшелерінің, әкімдер мен депутаттардың жалақысын көтеруге 5 жылдық мораторий жариялағанын айтты.

– Үкімет пен депутаттар, әкімдердің еңбекақылары, шығыс туралы баптар мәселесі өткен жылдың соңында талқыланды. Менің ойымша, олардың жалақысы жеткілікті. Сондықтан олардың жалақысын көтеруге 5 жыл мораторий жариялауға болады деп санаймын. Мен бұл депутаттар үшін жақсы жаңалық емес екенін түсінемін, бірақ сіздер мұны түсінеді деп ойлаймын. Әкімшілік мемлекеттік қызметкерлер мен бюджеттегілерге жалақыны мүмкіндігінше көтеруді жалғастырамыз, – деді Президент.

Лаңкестік шабуылдарға үнемі дайын болу керек

Қасым-Жомарт Тоқаев Мәжіліс отырысында сөйлеген сөзінде лаңкестік шабуылдарға үнемі дайын болу қажеттігін айтты.

– Құқық қорғау органдарының жүйесін реформалауға түзетулер енгізу керек. Біз полицияның сервистік моделі мен қылмыс-

бермеу керек. Әсіресе, құқық қорғау органдарының мүшелерімен», – деді Президент.

Үкімет жеке тұлғалардың банкроттығы туралы заң жобасын әзірлеуді бастады

Қаржы жүйесінің тұрақтылығы ұлттық экономиканы одан әрі дамытудың кепілі екенін атап өткен Президент экономика өсіп, халықтың табысында алшақтық пайда болғандықтан, тұтыну несиелері айтарлықтай артқанын, оның мөлшері бизнесті несиелеу көлемінен асып кеткенін негіздеді.

– Халық қазіргі уақытта көп несие алып жатыр. Осыны ескерсек, бұл қаржы нарығын құбылтып, әлеуметтік тұрақсыздық қаупін тудыруы мүмкін. Үкімет жеке тұлғалардың банкроттығы туралы заң жобасын әзірлеуді бастады. Бірақ бұл тығырықтан шығатын жол емес. Ең алдымен, шектен тыс қарыздың көбеюін болдырмау қажет. Сондықтан Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігіне Ұлттық банкпен бірлесіп, пруденциалды реттеу тетіктері арқылы нақты әрі жедел шешім қабылдауды тапсырамын, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Алдағы үш жылда азық-түлік қауіпсіздігі мәселесін түбегейлі шешу қажет. Бұл Үкімет пен әкімдердің алдында тұрған негізгі басымдық екеніне айрықша назар аударамын.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ



Ерлан ҚАРИН,
ҚР Мемлекеттік хатшысы:

Адами капиталға басымдық беріледі

Мемлекет басшысының сөйлеген сөзінің негізгі тұжырымы қандай? Біріншіден, Президенттің сөзі террористерге қарсы күрестің өткір кезеңінің аяқталғанын білдіреді.

Бұған дейін Мемлекет басшысы өзінің халыққа Үндеулерінде адамдарды террористік агрессияға тойтарыс беру және жағдайды тұрақтандыру жөніндегі барлық іс-әрекеттер туралы хабардар етіп келген болатын. Ал Президенттің бұл Үндеуі арқылы билік жағдайды толық бақылауға алып қана қоймай, күн тәртібіне жаңа бағдар қойып отыр. Азаматтар, қоғам мен элита үшін ертеңгі күннің бағдары белгіленді.

Президент ұсынған күн тәртібіндегі мәселелер қоғамды шабыттандырып, халықтың сенімі мен үмітін, оптимизмін оятты және өзекті мәселелерді шешудің сындарлы бағыттарын көрсетті. Бұл бағыт барша жұртты үлкен жасампаздық процеске – жаңа Қазақстанды құруға белсене қатысуға шақырады. Бұл бағыт алға жылжу үшін барлық саналы қоғамдық-саяси күштерді біріктіруді және шоғырландыруды көздейді.

Жаңа Қазақстан нені білдіреді? Бұл кейбір сарапшылар ойлағандай, мемлекеттік аппаратты жаңарту ғана емес. Бұл, ең алдымен, қоғамдық құндылықтарды қайта жаңғырту. Радикализмнен, экстремалды көзқарастар мен әрекеттерден бас тарту, шығармашылық, жасампаздық үрдісті нығайту. Қоғамдағы барлық кемшіліктерді жеңу. Бұл сондай-ақ, жүйелі реформаларды кезең-кезеңмен жалғастыруды да білдіреді. Мемлекеттік саясатта гуманитарлық өлшем мен адами капитал басымдыққа ие болады.

(Дереккөз: Telegram /t.me/erlankarin).



шабуыл жасаудың тиімді құралдарымен жарақтандыруға дереу кіріссін, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекеттік шекараны нығайту – маңызды бағдар

Ел Президенті Әскери-көлік авиациясы паркін толықтыру ісін қолға алу қажеттілігіне басымдық берді. «Еліміздің қауіпсіздігін нығайту және қауіп-қатердің алдын алу үшін шұғыл іс-шараларды жүзеге асыру қажет. Біз сарбаздарды әскери техника мен қару-жарақты қажетті жерге жедел жеткізу үшін әскери-көлік авиациясы паркін толықтыру ісін қолға аламыз. Мемлекеттік шекараны нығайтуымыз керек. Соның ішінде ішкі көші-қон саласын тәртіпке келтіретін кез келді. Қару-жарақ айналымын мұқият тексеріп, оны заң тұрғысынан реттеу қажет.

Шұғыл түрде қираған ғимараттар мен арнаулы техниканы жөндеп, бейнебақылау жүйесін іске қосып, құқық қорғау органдарының қызметін қалпына келтіру керек», – деді Мәжіліс отырысына бейнебайланыс арқылы қатысқан Қазақстан Президенті.

Құқық қорғау қызметкерлерінің жалақысы өседі

Қасым-Жомарт Тоқаев Мәжіліс отырысында азаматтарды, конституциялық құрылымды кез келген қауіптен қорғау үшін ұлттық қауіпсіздік жүйесін толық өзгерту қажеттігін мәлімдеді. Мемлекет басшысы Қарулы күштер, Құқық қорғау органдары, Ұлттық қауіпсіздік қызметі, Сыртқы барлау қызметі жұмысын жүйелеп, оларға жағдай жасау үшін жалақысын арттыруды тапсырды.

«Ішкі істер министрлігі мен Ұлттық ұланның арнайы жасақтарының санын көбейту, жауынгерлік әзірлік деңгейін арттыру, қажетті арнайы көліктермен жабдықтау, барлық құқық қорғау органдарының арнайы жасақтары қызметкерлерінің жалақысын көтеру керек», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

тық процестерді жаңғырту бойынша бірқатар алға ілгеріледік. Бірақ лаңкестік шабуылдарға қарсы тұруға үнемі дайын болуымыз керек. Құрылымдық күштер әскери жаттығу мен шабуылға қарсы техниканы дайындауға көшуі керек, – деді Президент. Сондай-ақ, ол халықтың барлық тобынан табыстары экономика өскен сайын өсуі керек екенін атап өтті.

«LRT – жемқорлықтың иісі мұнкіп тұрған жоба»

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Мәжіліс отырысында елордадағы ЛРТ құрылысы туралы да пікір білдірді.

– Көпшілікті, әсіресе, елорда тұрғындарын ашуландыратын тағы бір мәселе – ЛРТ құрылысы болып отыр. Ол кәдімгі инфрақұрылымдық жобадан елдің абырой-беделіне нұқсан келтіретін күрделі проблемаға айналды. Қазірдің өзінде орасан зор қаражат жұмсалды, қарыздар тартылды, шетелдік әріптестер алдында ауқымды келісім-шарттық міндеттемелер қабылданды. Бұл жоба бастапқыда-ақ үлкен қателік болды, оны мойындау керек. Сонымен қатар, сыбайлас жемқорлықтың иісі мұнкіп тұрған жоба, – деді Президент.

Ол бұл бағытта енді оңтайлы шешім қабылдау қажеттігін айтты. «Себебі, оны жай ғана бұза салу уақыт пен ақшаны жоғалтуды білдіреді. Демек, отандық және шетелдік саулетшілер мен урбанистерді шақырып, жобаны іске асырудың ықтимал нұсқаларын анықтаудан басқа жол жоқ», – деді Мемлекет басшысы.

Арнайы операция жүргізетін күш жасақталмақ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жақын арада арнайы операция жүргізетін күш жасақтау қажеттігін айтты. Сондай-ақ, діни экстремизмге қарсы кешенді шаралар дайындау керектігін атап өтті. «Олардың криминалмен байланысуына жол

Басқосуда айтылған ендігі бір маңызды мәселе – сапалы білім бағдары туралы болды. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев мұғалімдерге арналған арнайы бағдарлама әзірлеуді тапсырды. «Сөзсіз басымдық – сапалы білімге қолжетімділікті қамтамасыз ету. Бұл бүкіл қоғам дамуының ең маңызды факторы. Мектептерді материалдық ресурстармен қалай қамтамасыз етсек те, жақсы мұғалімдерсіз білім сапасын арттыру мүмкін емес. Ахмет Байтұрсынов айтқандай: «Мұғалім – мектептің жүрегі». Сондықтан мұғалімдер жетіспейтін өңірлер үшін тиісті қолдау шаралары кешені мен үздік мұғалімдерді тарту бойынша арнайы бағдарлама әзірлеуді тапсырамын», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев Мәжіліс отырысында. Сондай-ақ, Президент жоғары білімнің қолжетімділігі мен университеттердің бәсекеге қабілеттілігі мәселесін шешуді тапсырды. Ол бүгінде баса назар аударуды қажет ететін тағы бір өткір мәселеге тоқталды.

– Көптеген жас азаматымыз Қарулы күштер қатарында әскери борышын өтеуден қашады. Әскери билетке ие болу жастардың мақтанышын тудырмайды және Отанға қызмет етудің белгісі саналмайтын болды. Армия қатарында қызмет ету, құқық қорғау саласында жұмыс істеу – айрықша миссия. Бұл – Отан үшін жанын салуға бел бұған азаматтардың саналы таңдауы. Жастарымызды әскери борышын өтеуге қалай ынталандыруға болатынын біз бүкіл қоғам болып ойластыруымыз керек. Біз – мықты халықпыз. Төл тарихымызда талай жауершылдық заманды, ашаршылықты және басқа да алапат қиындықты бастан өткердік. Соңғы күндердегі қайғылы оқиғалар біз үшін тағы бір сынақ болды. Оны еңсеріп, бұрынғыдан да мықты боламыз, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Қазақстанда дамудың жаңа кезеңі басталады

Мемлекет басшысы сөзінің соңында қайғылы күндері бірлік танытқан қазақстандықтарға шынайы ризашылығын білдірді. Күні кеше болған қайғылы оқиғалар кезіндегі экстремистермен күресте азаматтарымыздың көпшілігі патриоттық танытқанын атап өтті. Президент тұжырымдағандай, халықтың бірлігі, Қазақстанның тәуелсіздігі мен егеменді дамуы идеясына деген шынайы сенімі – еліміздің дамуы мен қоғам болып ұйысуының мықты іргетасы.

– Қадірлі отандастар! Қиын күндер артта қалды. Осы сәтте ел тағдыры үшін ұйыса білген бүкіл халқыма шынайы ризашылығымды білдіремін! Бәріміз бұл оқиғадан сабақ алуымыз керек. Ең бастысы, береке-бірлікті, тыныштық пен тұрақтылықты сақтауымыз қажет. Енді, Қазақстанда дамудың жаңа кезеңі басталады. Бұл шынайы жаңару кезеңі болады. Егемен елімізді бірге өркендетейік! Халқымыз үшін Тәуелсіздік бәрінен қымбат. Жаңа Қазақстанды Бірге құрайық! – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



● ПРЕЗИДЕНТ

«АЛМАТЫНЫҢ КЕЛБЕТІН БҰРЫНҒЫДАН ДА ЖАҚСАРТУ МІНДЕТІ ТҰР»



Кеше Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Алматыға ресми сапармен келіп, Жедел штабтың отырысын өткізді.

Мемлекет басшысының төрағалығымен жедел штаб отырысы өтті. Онда Үкіметтік комиссияның төрағасы, Премьер-Министрдің бірінші орынбасары Роман Скляр, Алматы қаласының әкімі Бақытжан Сағынтаев, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің төрағасы Ермек Сағымбаев және Ішкі істер, Қорғаныс, Төтенше жағдайлар министрлері баяндама жасады.

Президентке Алматы қаласына қосымша күштер, соның ішінде ҰҚШҰ бітімгерлік контингентінің күштерін жұмылдыруға қатысты берген тапсырмасының нәтижесінде қала лаңкестерден толық тазартылғаны туралы баяндалды. Қазіргі уақытта қала тіршілігін қамтамасыз ететін барлық саланың жұмысын қалпына келтіру белсенді жүріп жатыр.

Қала әкімі Бақытжан Сағынтаевтың хабарлауынша, қаланы жылу, электр қуаты, су және газбен қамтамасыз ететін барлық нысан қалыпты жұмыс істеп жатыр. Сауда орталықтары, қоғамдық тамақтану орындары, базарлар, жанармай бекеттері және өнеркәсіп орындары жұмыстарын жандандыруда, қоғамдық көлік іске қосыл-

ған. Қасым-Жомарт Тоқаевқа зардап шеккен әкімшілік ғимаратында 14 қалалық басқарма болғаны, қазіргі уақытта олардың резервтік ғимараттарға, сондай-ақ әкімшілікке қарасты ұйымдарға орналас-тырылғаны жөнінде ақпарат берілді.

Бұдан бөлек, тәртіпсіздік кезінде келтірілген шығын көлемін анықтау жұмыстары жүргізілуде. Мемлекет басшысы еліміздің ірі қаласына жасалған террористік шабуыл салдарын өз көзімен көру үшін Алматыға арнайы келгенін айтты.

Президент Үкіметтік комиссияға Алматы қаласының әкімдігімен бірлесе отырып, инфрақұрылым нысандарын, оның ішінде мемлекеттік, құқық қорғау және арнаулы құрылымдардың ғимараттарын, бейнебақылау жүйесін қысқа мерзім ішінде қалпына келтіруді тапсырды. Сонымен қатар, зардап шеккен кәсіпкерлерге қолдау көрсетіледі.

– Өздеріңізге мәлім, Алматы – менің туған қалам. Осында дүниеге келдім, оқыдым. Алдымызда қысқа мерзім ішінде қаланы қалпына келтіру міндеті тұр. Бұл – менің Президент ретінде және еліміздің азаматы ретінде парызым. Қаланың қалпына келетініне еш күмән жоқ. Үкіметтің алдында қаланың келбетін бұрынғыдан да жақсарту міндеті тұр. Бұл өте үлкен жұмыс, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы алда ҰҚШҰ бірлескен бітімгерлік контингентінің бөлімшелерін қайтару жұмыстары жүргізілетінін айтты.

– Ертең ҰҚШҰ бірлескен бітімгерлік контингентін елден шығару жұмыстары басталады. Мен тиісті мемлекеттердің басшыларымен сөйлестім. Осы сәтті пайдаланып, осы бірнеше күнде жүргізген ауқымды жұмыстары үшін контингенттің басшылығына алғыс айтамын. ҰҚШҰ бітімгерлік контингентінің Қазақстанға, соның ішінде Алматыға келгені жалпы еліміздегі жағдайды тұрақтандыруда үлкен рөл атқарды. Бұл әрекеттердің лаңкестер мен содырлардың агрессиясын қайтаруда үлкен психологиялық маңызы болғаны сөзсіз. Миссия өте сәтті өтті. Менің әріптестеріме, Ұйымға мүше елдердің басшыларына үлкен алғыс білдіремін, – деді Президент.

Жедел штаб отырысының қорытындысы бойынша Үкіметтік комиссия мен жергілікті әкімдіктер бірлесіп қысқа мерзім ішінде барлық аймақтағы нысандарды қалпына келтіруге, үздіксіз транспорт жұмысын қамтамасыз етуге, азық-түлікпен қамтамасыз етуге, сондай-ақ шағын және орта бизнес нысандарының жұмысын жандандыруға күш салу тапсырылды.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің жаңа құрамы белгілі болды.

Үкімет басшысы болып Әлихан Смайылов бекітілді. Жаңа құрам бойынша ел Президенті арнайы жаңа қаулы қабылдады.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҮКІМЕТІНІҢ ҚҰРАМЫ

Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрамы туралы Қазақстан Республикасы Конституциясының 44-бабының 3) тармақшасына сәйкес
ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. Тағайындалсын:

Роман Васильевич Скляр – Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары;

Ералы Лұқпанұлы Тоғжанов – Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары;

Мұхтар Бескенұлы Тілеуберді – Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Сыртқы істер министрі;

Бақыт Тұрлыханұлы Сұлтанов – Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Сауда және интеграция министрі;

Ғалымжан Тельманұлы Қойшыбаев – Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі Кеңсесінің Басшысы;

Мұрат Кәрібайұлы Бектанов – Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі;

Ерлан Заманбекұлы Тұрғымбаев – Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі;

Асқар Қуанышұлы Омаров – Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрі;

Ербол Шырақпайұлы Қарашөкеев – Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі;

Қанат Сергейұлы Мусин – Қазақстан Республикасының Әділет министрі;

Асхат Қанатұлы Аймағамбетов – Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі;

Ажар Ғиният – Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрі;

Серік Жамбылұлы Шәпкенов – Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі;

Қайырбек Айтбайұлы Өскенбаев – Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі;

Ерұлан Кенжебекұлы Жамаубаев – Қазақстан Республикасының Қаржы министрі;

Дәурен Әскербекұлы Абаев – Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрі;

Юрий Викторович Ильин – Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрі;

Әлібек Сәкенұлы Қуантыров – Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрі;

Бағдат Батырбекұлы Мусин – Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі;

Серікқали Аманғалиұлы Брекешев – Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар министрі;

Болат Оралұлы Ақшолоқов – Қазақстан Республикасының Энергетика министрі.

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.ТОҚАЕВ

Нұр-Сұлтан, Ақорда,
2022 жылғы 11 қаңтар
№756.

● ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІК

МЕТРОПОЛИТЕН УАҚЫТША ТОҚТАДЫ

«Алматы көлік холдингі» ЖШС төтенше жағдай режиміне байланысты қала маңына қатынайтын автобустар бойынша мәлімет берді.

Ведомство өкілдері таратқан ақпаратта «Қала маңына баратын № 10, 227, 231, 23, 117, 221, 228, 219, 203, 207, 222, 204, 225, 212, 210, 202, 224, 12, 220, 208, 214, 217 маршруттар желідегі автобустардың жоспарлы санын қысқартумен сағат 09.00-ден 18.00-ге дейін жұмыс істейтін болады. Метрополитен жұмысы уақытша тоқтатылды» делінген.

12 қаңтардан бастап Алматыда барлық маршрут, оның ішінде

қала маңы маршруттары да жолға шығатыны жазылған болатын. Төтенше жағдайға байланысты жұмыс кестесі қалалық маршруттар үшін таңғы сағат 08.00-ден кешкі 20.00-ге дейін, ал қала маңы маршруттары таңғы сағат 09.00-ден кешкі 18.00-ге дейін жұмыс істейді. Қалада 19 қаңтарға дейін төтенше жағдай режимі және коменданттық сағат енгізілген.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».





Алматы қаласының әкімі Бақытжан Сағынтаев аппараттық кеңес өткізіп, мегаполистің тыныс-тіршілігінің өзекті мәселелерін талқылады. Бақытжан Сағынтаев әкім аппаратының жұмысы уақытша Алмалы ауданы әкімдігінің ғимаратында жалғасатынын мәлімдеді.



Айжан
БҮРКІТБАЕВА

Кеңес барысында сауда, жолаушылар көлігі нысандарының, тіршілікті қамтамасыз ету кәсіпорындарының жұмысын қалпына келтіру, жолдарды, тротуарларды жинау және қалпына келтіру мәселесі қаралды.

Сонымен қатар, КВИ бойынша санитарлық-эпидемиологиялық ахуал баяндалды.

Бүгінде қалада аурудың өсуі байқалады, бұл пандемияның жаңа толқынының басталғанын көрсетеді.

Осыған байланысты шаһар басшысы Бақытжан Сағынтаев санитарлық-эпидемиологиялық қауіпсіздік шараларын күшейтуді, МСАК, Телемедицина орталығының жұмысын жандандыруды, резервтік төсек-орындарды көбейтуді тапсырды. Сонымен қатар, ол қала тұрғындары белсенді егіліп, ревакциналаудан өтуі керек екенін атап өтті.

Сондай-ақ, аппараттық жиналыс барысында Алматы қаласының әкімі қала әуежайындағы барлық жабдық қалпына келтірілгенін және жұмысқа дайын екенін айтты.

– Түрксіб ауданын тазарту жұмыстары іс жүзінде аяқталды, жүргізілген шаралардың нәтижесі бар. Кеше кешке терминалдың ішкі бөлігін тазартуға рұқсат берілді. Әуежай басшылығы қоқысты шығарғанын, терминал жұмысқа және рейстерді қабылдауға дайын екенін мәлімдеді, – деді әкім.

Мегаполис басшысының айтуынша, қазір әуе компанияларымен келіссөздер жүргізіліп жатыр. Жұмысқа рұқсат берілді және күні бойы оны іске қосу бойынша шаралар атқарылады.

Сонымен қатар, жиын барысында әкімнің орынбасары Максат Қықымов 11 қаңтардан бастап алты сауда орталығы – «Глобус», «Спутник», «Dostyk Plaza», «Гранд Парк» және 63 сауда үйі іске қосылуға дайын екенін мәлімдеді.

– Esentai Mall 19 қаңтардан кейін ашылады деп жоспарланса, осы аптада Mega Park ашылады деп жоспарланып отыр, – деді М.Қықымов. Ол сондай-ақ, қалада қоғамдық тамақтану орындарының жұмыс істей бастағанын атап өтті.



Бақытжан САҒЫНТАЕВ: ҚАЛА ҚАЛПЫНА КЕЛІП ЖАТЫР

Аппараттық кеңесте Алматыда азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету жұмыстары жалғасып жатқаны айтылды. Тәртіпсіздік кезінде азық-түлік өндіретін кәсіпорындар зардап шекпеген. Бүгінде 3 наубайхана («Ақсайнан», «Алматынан» және «Рузинан») күніне 80 тоннаға жуық нан шығарады. Бұл ретте өнім бағасы бұрынғыдай қалды («Ақсайнан» – 80 теңге/бөлке, «Алматынан» – 85 теңге/бөлке).

– 9 қаңтардан бастап бакалея өнімдерінің ірі жеткізушісі «Ас-Ан фирмасы» ЖШС (күнбағыс майы, қант, тұз, рожки, күріш, арпа, ұн) өнімді сауда желілеріне жеткізуді жаңартты. 10 қаңтардан бастап Бостандық (33 дүкен) және Түрксіб (16 дүкен) аудандары «Үй жанында» 49 дүкеніне жеткізе бастады. Сүт өнімдерін өндірушілер («Солнечный» ЖШС, «АдалСүт» ЖШС және «JLC» ЖШС, «Фуд Мастер» ЖШС, «RG Brands») штаттық режимде жұмыс істейді. «Алсад Қазақстан» ЖШС мен «Алатау Құс» ЖШС қоймаларда жұмыртқа қорының жеткілікті көлеміне ие. Бүгінде барлық сауда желісі мен ірі дүкендер қамтамасыз етіліп отыр. Бүгін ӘКК-нің 20 павильоны жұмыс істей бастады, бұған дейін 2 павильон зардап шеккен еді. («Жетісу-2», Төле би–Момышұлы кө-

шесі), – деді штабтың баспасөз қызметінің өкілі.

9 қаңтарда «Магнум» желісіне келісім-шарт жасалған көкөністер көлемін жеткізу жұмысы реттелді.

Қазір азық-түлік тауарларын мына кәсіпорындар өткізеді: «Ас-Ан фирмасы»

ЖШС, «ЕФК» АҚ (бакалея өнімдері), барлық санаттағы жұмыртқа («Алсад Қазақстан» ЖШС және «АлатауҚұс» ЖШС), нан-тоқаш өнімдері («Ақсай ТНҚ» ЖШС, «Алматынан» ЖШС және «Рузинан» ЖШС), сүт өнімдері («АдалСүт» ЖШС, «JLC» ЖШС, «ФудМастер» ЖШС, «МаслоДел» ЖШС, «Молочный продукция» ЖШС, «Солнечный» зауыты), консерві өнімдері («Прима Дистрибьюшн» ЖШС), ет өнімдерін қайта өңдеушілер («Беккер и К» ЖШС, «МПЗ Бижан» ЖШС), жылыжай көкөністері («BRBAPK» ЖШС), – деп мәлімдеді штабтың баспасөз қызметінің өкілі.

Төтенше жағдай кезіндегі қоғамдық көліктердің жұмысы туралы ақпарат жарияланды. 11 қаңтардағы жағдай бойынша 7.45-тен 20.00-ге дейін мына бағыттарда жүрді: 34, 118, 38, 38а, 205, 206, 16, 11, 128, 141, 65, 56, 63, 63а, 77, 79, 92, 2, 12, 55, 32, 5, 5а, 86, 59, 44, 119, 4, 95, 8, 98, 18, 19, 99, 7, 57, 112, 126, 60, 22, 62. Қоғамдық көлік қозғалысы 20–30 минут аралығында жүзеге асырылады.

Сондай-ақ, кеңесте қалада орын алған жағдайдан соң 200 тоннадан аса қоқыс пен ауалардан 1000 тоннаға жуық қатты тұрмыстық қалдықтар шығарылғаны айтылды.

Жиын соңында әкім қала тұрғындарына сабырлық пен батылдық танытып, тәртіп орнатуға ықпал еткені үшін алғыс білдірді.

– Уақытылы қолданылған шаралардың арқасында содырдардың күштері талқандалды. Қазір қала тіршілігін қалпына келтіру бойынша қалалық штаб тәулік бойы жұмыс істеп жатыр. Қала ақырындап бұрынғы қалпына оралып жатыр. Барлық ауданда аумақты тазарту жұмысы жүргізілуде. Осы күндері қаланың тіршілігі үшін қамтамасыз ету қызметтері үздіксіз жұмыс істеді. Тұрғындарға су, жылу және газ беру штатты режимде жұмыс істеп тұр, – деді Б.Сағынтаев.



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЙ.



ҚАЛА-ҚАРБАЛАС

ҚАЛА ТАМЫРЫНА ҚАН ЖҮГІРЕ БАСТАДЫ

Алматы қаласының әкімі Бақытжан Сағынтаев шаһарда тыныштық орнай салысымен мегаполисті қалпына келтіруге бағытталған өзекті мәселелер бойынша аппараттық кеңес өткізіп, жауапты сала мамандарына нақты тапсырмалар берді.



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

БІЗДІҢ АНЫҚТАМА

«Атамекен» кәсіпкерлер палатасының ақпараты бойынша, бүлік салдарынан еліміздің 9 өңірінде 1709 нысанда орналасқан 1528 бизнес субъектісі зардап шеккен. Миллиардтаған шығынның ең көбі (93,8 млрд. теңге) Алматыға тиесілі.

ған орай, Алматыда қаланың тыныс-тіршілігін қалпына келтіру жөніндегі қалалық штаб құрылды. Соңғы ақпараттар бойынша, қазіргі таңда жол-көше инфрақұрылымдарын қалыпқа келтіру жұмыстарымен 4 жол бригадасы айналысып жатыр. Көптеген брусчаткалар мен люктерді қалпына келтіру мақсатында бұрнағы күні 90 шаршы метр төсем мен 120 метр жиек және 37 жол люк қалпына келтірілді. Жауапты мамандар жол төсемдерін қалпына келтіру жұмыстары 13 қаңтарға дейін аяқтауды жоспарлап отыр. Ал жол қозғалысын реттеудің техникалық құралдарын қайта қалпына келтіруге 13 бригада жұмылдырылған. Соңғы деректерге сұ-

йенсек, қаладағы дүрбелең кезінде 46 бағдаршам нысаны зақымданып, 120 жол белгілері бүлінген. Қазіргі таңда 38 бағдаршам мен 96 жол белгілері қайта қалпына келтіріліп үлгерді. Бұзақылардың әрекетінен аялдамаларға да зиян келген. 43 аялдама бүлініп, оның 17-сінің әйнектері түгелімен сынып қалған. Оларды қалпына келтіруге жеке компаниялар атсалысуда. Бүгінде 2 павильон қалыпқа келді. Жұмыс жалғасып жатыр.

Қалалық штабтың мәліметінше, орын алған тонау мен вандализм салдарынан 100-ге жуық велосипед қолды болған. 20 станция бүлінген, 220 велосипед жөндеуді қажет етеді.

P.S.

Бір білетініміз, Алматы – жақын арада өзінің әдеттегі өміріне оралады. Өйткені, Алматымен өзінің тағдырын байланыстыратын халық көп. Олардың әрқайсысының ізгі тілегі мен ниетінің өзі әсем қаланы қайтадан көркейтетіні сөзсіз. «Әлі-ақ, Алматы жайнайды, дамиды. Біз оған сенеміз, себебі біздің күшіміз – бірлікте» дейді қала тұрғындары.

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ

АЛМАТЫДА:

92
ірі сауда
объектісі



149
ірі және
орта супермаркет



52
сауда базары



120
кәсіпорын



3,1 мың
қоғамдық
тамақтану
орындары



220
АЖҚС (АЗС) бар.



Деректер Алматы қаласының тыныс-тіршілігін қамтамасыз етуді қалпына келтіру жөніндегі қалалық штабтың әзірлеген материалдарынан алынды.

ШАҒАР ШАРУАШЫЛЫҒЫ

Алматының коммуналдық шаруашылық қызметтері мегаполисті күл-қоқыстан тазартып жатыр. 11 қаңтардағы дерек бойынша (үш күн ішінде) «Алматы Тазалық» ЖШС-нің күшімен қаладан 446 тонна қоқыс шығарылған. Оған 329 арнайы техника мен 559 жұмысшы жұмылдырылған.



ТАЗАЛЫҚ ЖҰМЫСТАРЫ ШТАТТЫҚ РЕЖИМДЕ ЖАЛҒАСАДЫ

Тазалық жұмыстары штаттық режимде жалғасатын болады. Бірақ бұл жұмыстар Алматыда ТЖ режимі жариялануына байланысты күндізгі уақытта ғана жүргізіледі.

Сала мамандарының айтуынша, көшелерде өртеніп, қалдығы ғана қалған көліктерден арылту жұмыстарына Алматы қаласы құтқару қызметінің күштері мен құралдары тартылған. Қатты тұрмыстық қалдықтарды шығару үшін 160 арнайы техника мен 580-нен астам жол жұмысшысы жұмылдырылған. Көше-жол желісін тазалауға «Алматы Тазалық» МҚК-мен қатар басқа да мердігерлік ұйымдар қатысуда. Қалада орын алған тәртіпсіздік салдарынан «Алматы тазалық» ЖШС-нің 10 арнайы техникасы мен 2 көлігі өртенді. Бағымызға орай, ұйым қызметкерлерінің арасында адам шығыны болған жоқ.

Бүгінде мегаполистің барлық аудандарында жолдарды ретке келтіру, тазалық жұмыстары жүріп жатыр.



Фото: Vecher.kz

Бетті әзірлеген Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ.



– Мемлекет басшысының кейінгі шешімдері мен Үндеулері бойынша блогосферада әртүрлі сипаттағы түсіндірмелер жарияланып жатыр. Сіз осы мәселеге қатысты мәлімдеме жасадыңыз. Ойыңызды тарқатып айтып берсеңіз.

– Иә, Президенттің шешімдері мен үндеулері бойынша блогосферада әртүрлі сипаттағы түсіндірмелер көбейіп кетті. Осыған байланысты арнайы мәлімдеме жасау қажет деп санадым. Себебі, Қасым-Жомарт Тоқаев – мемлекетіміздегі ең жоғары лауазымды тұлға және Қауіпсіздік Кеңесінің Төрағасы. Сондықтан Мемлекет басшысы дербес шешім қабылдайды. Конституциялық құрылымға нұқсан келтіруді көздеген содырлардың Қазақстанға шабуыл жасаған қайғылы күндері де солай болған. Қасым-Жомарт Кемелұлы отандастарымызға арнаған өзінің Үндеулерін кеңесшілердің көмегіменіз әдеттегідей өзі жазды. Осы сәтті пайдалана отырып, тағы да айтқым келеді: Мемлекет басшысының жұмысы туралы ақпаратты таратып, түсіндіруге Президенттің Баспасөз хатшысынан басқа ешкімнің хақысы жоқ.

– Бірнеше күн бойы елімізде болған төтенше оқиғалар мен террорлық әрекеттер жағдайында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың әрбір шешімін халық, тіпті шетелдік ақпарат құралдары жіті бақылап отыр. Мұндай қиын кезде Жазарғы Басқолбасшыға да оңай емесі анық. Президенттің жұмысын баспасөз қызметі таратып жатқан ақпараттардан оқып, біліп отырмыз. Ақордадан күні-түні ақпарат түсіп жатыр. Осы күндері Баспасөз қызметін негізгі ньюсмейкер болғанын жасауға алмаймыз. Мемлекет басшысы қандай жағдайда жұмыс істеп жатыр?

– Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Маңғыстауда басталып, 4 қаңтарда ауқымы кеңейіп, соңы террорлық шабуылға ұласқан сәттен бастап Ақордада жұмыс істеуде. Мемлекет басшысы күні-түні нон-стоп режимінде жұмыс істеп, елдегі жағдайды толық бақылауында ұстап отыр. Өздеріңіз де көріп отырсыздар, жағдай шиеленіскен тұста елді тұрақтандыру үшін дер кезінде батыл шешімдер қабылдап, халыққа эфир арқылы Үндеулерін жолдауда.

– Өзіңіз айтып отырған 4 қаңтар күні кешке қарай жағдай күрделеніп, елді үрей биледі. Дәл сол сәтте Ақордада қандай оқиғалар болды?

– Түнгі сағат 11-лерде Президент елде қалыптасқан жағдайды халыққа баяндап, Үндеу арнайтыны белгілі болды. Жұмысқа 10 минутта шұғыл жеттім. Шынын айту керек, Мемлекет басшысы сол жерде компьютерде мәтін теріп отырған хатшысына сөйлейтін сөзін ауызша айтып тұрды. Баспасөз қызметі қамараларды қойып, дыбысын реттеп жылдам ұйымдастырып, Қасым-Жомарт Кемелұлының мәлімдемесін таспаға түсірді. Президенттің халыққа арнаған сөзін бірден республикалық телеарналарға жолдадық.

Өзінің бірінші Үндеуінде Мемлекет басшысы: «Азаматтық және әскери мақсаттағы қызметтік ғимараттарға шабуыл жасауға үндейтін ұрандар мүлдем заңға қайшы келеді. Бұл – өрескел қылмыстық

Берік Уәли,

Қазақстан
Республикасы
Президентінің
Баспасөз
хатшысы:



МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ СЫН САҒАТТА ХАЛЫҚПЕН БІРГЕ БОЛДЫ

әрекет. Билік құламайды!», – деп нақты шегелеп айтты.

Сол сәттен бері Президенттен бастап бәріміз әлі жұмыста жүрміз. 5 күн болды. Ақордада түнеп, жұмыс істеп, бір сөзбен айтқанда, сол жерде ақпарат таратып жатырмыз. Басшылық резиденцияда елдегі жағдайды бақылап, күні-түні шұғыл шешімдер қабылдауда. Мемлекет басшысы осындай сын сағатта халықпен бірге боламын деді. Сөзінде тұрды.

– Жаңа 2022 жылдың алғашқы күндері тарихымыздағы қиын күндер боп есте қалатыны анық. Президенттің қиын шақта жылдам әрі батыл түрде шешім қабылдағанын халық жақсы қабылдап, қолдау білдіріп жатыр. Осы күндері болған Мемлекет басшысы жұмысының хронологиясын толығырақ айтып берсеңіз.

– Иә, дұрыс айтасыз. Бұл күндер – шынымен де естен кетпейтін тарихи сәттер. Айтып өткенімдей, Қасым-Жомарт Кемелұлы бірден жағдайды толық бақылауына алды. 5 қаңтар күні, шамамен түнгі сағат 2-де Маңғыстау облысы мен Алматы қаласына Төтенше жағдай енгізу туралы Жарлыққа қол қойды. Сағат 5.30-да мені Президент кабинетіне шақырды да, сағат 7.00-де шұғыл жиын өтетінін, өзі Премьер-Министр Асқар Маминнің отставкасын қабылдағанын айтты. Мемлекет басшысы маған жиын басталған сәтте Ақорданың ресми сайтына Үкіметтің отставкасы туралы бірден ақпарат шығаруым керектігін тапсырды. Одан кейін 15 минуттан кейін Мемлекеттік хатшы Ерлан Қаринды тағайындау, тағы 15 минуттан кейін ҰҚК бірінші орынбасары Мұрат Нұртілеуді тағайындау туралы Жарлықтар уақытылы жариялануы керек деген тапсырма берді. Сосын маған «Сағат қазір 6 болды. Бір сағатың бар, пресс-релиздеріңді әзірлей бер», – деді. Сол тапсырмаға сәйкес біз сайтымыз арқылы ақпараттарды уақытылы халыққа тараттық.

Президент елдегі жағдай шығып бара жатқаннан кейін сол күні түс кезінде Нұр-Сұлтан қаласы мен Алматы облысына Төтенше жағдай енгізу туралы шешім қабылдады.

Сол 5 қаңтар күні түс ауа Қасым-Жомарт Кемелұлының Қауіпсіздік Кеңесінің төрағасы болғаны белгілі болды. Эфир арқылы халық алдына шығып, екінші Үндеуін жариялайтынын айтты. Сол Үндеуінде Президент: «Бұзақы топтардың әрекеттері жоғары деңгейде ұйымдастырылғанын көріп отырмыз. Бұл қаржыландырылған бүлікшілердің жан-жақты ойластырылған жоспары екенін дәлелдейді. Бұл – қаскөйлердің қиыршық әрекеті. Сондықтан Мемлекет басшысы және бүгіннен бастап Қауіпсіздік Кеңесінің Төрағасы ретінде барыңа қатаң әрекет етемін. Бұл – өмірін қорғап қалуға өтініш білдірген көптеген азаматымыздың қауіпсіздігіне қатысты мәселе. Бұл – мемлекетіміздің қауіпсіздігіне тікелей қатысты. Халық мені қолдайтынына сенімдімін. Қандай жағдай болса да мен елордада боламын. Халықпен бірге болу – менің Конституциялық міндетім», – деп қадап айтты.

Бұл Үндеу 5 қаңтар күні кешкі 6 жарымда шықты.

Осы мәлімдемеден кейін Қазақстан Президенті Республиканың барлық аймағына Төтенше жағдай енгізу туралы Жарлықтарға қол қойды. Кешке қарай Ұжымдық қауіпсіздік шарты ұйымына мүше мемлекеттер басшыларымен телефон арқылы сөйлесті.

Ал түнгі 11 жарымда Қасым-Жомарт Тоқаев Қауіпсіздік Кеңесінің төрағасы ретінде алғашқы отырысын өткізді. Жиында Президент: «Бұл – қауіп қана емес, бұл – мемлекеттің тұтастығына нұқсан келтіру, азаматтарымызға шабуыл жасау. Олар менен, Мемлекет басшысы ретінде тез арада өздерін қорғауды сұрайды. Азаматтарымыздың

игілігін, қауіпсіздігі мен тыныштығын ойлау – менің Конституциялық міндетім. Сондықтан ҰҚШҰ-дағы әріптестеріме білдірілген өтініш – уақытылы әрі толығымен дұрыс қабылданған шешім», – деп мәлімдеді.

Қауіпсіздік Кеңесінің отырысынан кейін 1 сағаттан соң Президент бірқатар аса маңызды кадрлық өзгерістер жасады. Атап айтқанда, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің төрағасы болған Кәрім Мәсімовтің орнына Ермек Сағымбаевты және Мемлекеттік күзет қызметінің басшысы етіп Сәкен Исабековті тағайындады. 6 қаңтар күні Үкіметке 10 нақты әрі шұғыл тапсырма берді. Сол жерде бәрі қамтылған.

Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі Агенттік пен Мемлекеттік күзет қызметіне жаңа кадрлар тағайындау жөнінде шешім қабылдады. Сол күні түстен кейін Түркияның Президентімен телефон арқылы сөйлесті.

7 қаңтар күні таңғы сағат 7.00-де Қасым-Жомарт Кемелұлы Лаңкестікке қарсы штабтың отырысын өткізді. Сол күні түскі сағат 2 жарымда Қазақстан халқына кезекті Үндеуін жасады. Сол Үндеуінде Президент: «Террористер мемлекеттік және жеке азаматтардың дүние-мүлкіне әлі де залалын келтіріп, азаматтарға қарсы қару қолдануда. Құқық қорғау органдары мен армияға ескертусіз оқ атуға бұйрық бердім. Күштік құрылымдар бұл міндетті моральдық және техникалық тұрғыдан орындауға дайын», – деді. Халық осындай батыл мәлімдеме күтіп отырса керек, бірден қолдап кетті. Көпшілік күткен шешуші мәлімдеме болды деп ойлаймын.

8 қаңтарға қараған түні Мемлекет басшысы өзінің Твиттердегі парақшасына елдегі ахуалды әлемдік қауымдастыққа жан-жақты түсіндіретін ағылшын тіліндегі бірнеше твит жария етті. Ал танертен сағат 8 жарымда Лаңкестікке қарсы штабтың кезекті отырысын өткізді. Күндіз

Төтенше жағдайлар министрінің міндетін атқарушы Юрий Ильинді қабылдады. Түскі үзіліс кезінде Қасым-Жомарт Тоқаев Ресей және Беларусь елдерінің президенттерімен телефон арқылы сөйлесті. Сол күні «террористік актілердің салдарынан адамдардың қаза болуына байланысты Қазақстан Республикасында 2022 жылғы 10 қаңтарда Жалпыұлттық аза тұту жариялансын», – деген Өкімге қол қойды. Кешке қарай бірқатар кадрлық тағайындаулар жасалды.

Келесі күні, таңғы 8-де Мемлекет басшысы Лаңкестікке қарсы штабтың кезекті отырысын өткізді. Осы отырыста тәртіпсіздіктердің салдарынан келген шығындарды қалпына келтіру үшін Үкіметтік комиссия құруды тапсырды.

Бұлардың арасында күштік құрылымдардың бірінші басшыларын қабылдап, олардың ақпаратын, есебін тындап жүр.

Қазір есептеп қарасақ, Мемлекет басшысы 4 қаңтардан бері 100-сағаттан астам демалыссыз, үзіліссіз жұмыс істеп жатыр екен. Өздеріңіз байқап отырғандай, соңғы аптадағы Президенттің жұмыс хронологиясын қарасаңыз, берілген тапсырмалар мен қабылданған шешімдері, өткізген жиналыстары күндізгі жұмыс уақытына байланып, күнде де, түнде де үздіксіз болып жатыр.

– Осындай қарқынмен еңбек етіп жатқан Президент Қасым-Жомарт Тоқаев шыныменде күні-түні елдегі жағдайды өзі бақылап отыр. Алда бұдан көп қыруар шаруа күтіп тұр. Мемлекет басшысы қашан демалады?

– Елдегі ахуалды көріп отырсыздар. Ең ауыр кезеңі артта қалған сияқты. Конституциялық заңдылықтар барлық аймақта қалпына келіп жатқанын Мемлекет басшысы мәлімдеді. Әрине, бұл жағдай Президенттің елдің қауіпсіздігін кірпік қақпай қорғағанының нәтижесінде оңалып келеді. Өзінің Үндеуінде осы кезде қолдау білдірген барша қазақстандыққа шынайы алғысын білдірген болатын. Менің білуімше, осы күрделі күндері Қасым-Жомарт Кемелұлы таулігіне 1 немесе 2 сағат қана көз шырымын алып қана еңбектеніп жүр. Тіпті, бір-екі күн бұрын таңғы жиналыстың алдында «бүгін 2 сағат демалдым, бұның өзі жақсылықтың белгісі», – дегені бар.

– Ұжымдық қауіпсіздік шарты ұйымы туралы сұрағым келеді. Бітімгерлік күштердің миссиясы қандай болмақ?

– Ұжымдық қауіпсіздік шарты ұйымының бітімгерлік күштерінің негізгі миссиясы – стратегиялық нысандарды күзету. Стратегиялық нысандарды ОДКБ әскерлері қорғағандықтан, біздің қарулы күштерімізге террористер көп шоғырланған Алматы қаласы мен Алматы облысында еркін қимылдап, олардың көзін жоюға мүмкіндік берді. Жағдай тұрақталған соң миссиясы аяқталады. Бірден өз елдеріне қайтады. Осы сәтті пайдаланып айта кетейін, кеше Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың ұсынысымен ОДКБ-ның кезектен тыс сессиясы онлайн форматта өтті. Сол жиында Президент еліміздегі ахуал бойынша әріптестеріне толыққанды мәлімет берді. Ақорданың ресми сайтынан ақпарат күтіңіздер. Президент айтпақшы, жалған ақпараттарға сенбей, тек қана ресми мәлімет көздеріне сеніңіздер дегім келеді.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



Құсман
ШАЛАБАЕВ,
Алматы қаласы
Қоғамдық кеңесінің
мүшесі:



Жастардың бастамасы қуатталады

Ұлы даланың сахарасын, ұлан-ғайыр атырапты мекендеген, мәңгілік көк аспанның астындағы қазақ жұртшылығы! Қазақ елінің тыныштығы – ол экономика жағынан да, саяси һәм әлеуметтік жағынан да біздің болашақ жастарымыз үшін өте маңызды. Біз – ғасырдан-ғасырға жалғасып келе жатқан ұрпақты бағалаған, сөзге тоқтаған қазақтың жалғасымыз! Сондықтан ауызбіршілік арқылы мемлекеттің болашағын, қоғам тыныштығын ойлауымыз керек.

Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев кешегі ҚР Парламенті Мәжілісінің отырысында талай тың дүниені тілге тиек етті. Мәселен, жастардың бастамасына берілетін гранттар құны 400 АЕК-ке дейін артатынын айтты. Сондай-ақ, Үкіметке «Жастар іс-тәжірибесі» және «Алғашқы жұмыс орны» жобаларына қатысудың мерзімін созып, еңбекақысын көтеру мүмкіндігін қарастыруды тапсырды. Халықтың әлеуметтік осал тобындағы жастардың іскерлік бастамаларын іске асыруға жағдай жасау маңызды деді. Сонымен қатар, Президент балаларға арналған спорт нысандары қала мен аудан, ауылдарда салынатынын хабарлады. Қабілетті балаларға көмек көрсетіп, мәдениетті нығайтамыз деді. Себебі, білімді, білікті, мәдениетті, рухты жастар – біздің болашағымыз. Мәңгілік елдің тұтқасын ұстайтын жас ұрпақтың жағдайы оңды болуы тиіс.

Кешегі ел ішін ала тайдай бүлдірген лаңкестерге қарсы тұра білген де осындай отаншыл өрімдей ұлдарымыз.

Қ.Тоқаев «Қазақстан халқына» қоғамдық қорын құруды тапсырды. Бұл халық қоры болмақ. Ол әкімдіктерге немесе Үкіметке бағынышты болмайды. Жеке беделді бақылау кеңесі құрылады. Барлық ақпарат ашық болады деді. Сондай-ақ, мемлекеттік органдар саннан сапаға, есептен іске көшуі керегін шегеледі.

Осы мәселелерді сөз күйінде қалдырмай, аяғына дейін жеткізуіміз қажет. Ол үшін білікті адамдардан комиссия құрып, талап қойып және нәтижесін шығаруға тиіспіз.

Қадірлі отандастар! Қиын күндер артта қалды. Осы сәтте ел тағдыры үшін ұйыса білген бүкіл халқыма шынайы ризашылығымды білдіремін! Бәріміз бұл оқиғадан сабақ алуымыз керек. Ең бастысы, береке-бірлікті, тыныштық пен тұрақтылықты сақтауымыз қажет. Енді Қазақстанда дамудың жаңа кезеңі басталады. Бұл шынайы жаңару кезеңі болады. Егемен елімізді бірге өркендетейік! Халқымыз үшін Тәуелсіздік бәрінен қымбат. Жаңа Қазақстанды бірге құрайық!

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.



Нұрлан ОРАЗАЛИН,
акын, драматург:

Берекені сақтауымыз қажет

Біз өте күрделі, қиын кезеңде өмір сүріп жатқан ұрпақпыз. Егер біз кішкентай кәте жіберетін болсақ, ол ертеңгі ұрпақтың алдынан үлкен жағдай болып шығады. Ұлт болшағына қауіпті болмақ. Демократиялық құндылықты ұстай алсақ жақсы, егер ұстай алмасақ ол біздің бірінші жауымызға айналады.

Әрине, әлеуметтік қиындық, тұрмыстық проблема бар. Ол қиындықты қазақ мемлекеті өзі біртұтас болып жеңу керек. Оны бізге сырттан келіп ешкім реттеп бермейді. Әр мемлекет өз мәселесін өзі шешеді. Әлеуметтік проблема демократиялық жолмен, диалогпен шешілуі керек. Жастарға айтарым, бәрі ақылмен, парасаттылықпен шешілуі керек. Ата-бабамыз аманаттап кеткен берекені сақтауымыз қажет.

Жастар бесікте жатқан баласын, үйдегі қазыналы қариясын ойлауы керек, халқының бүтіндігін, елінің тыныштығын, ұлт болшағын, мемлекеттің ертеңін ойлауы тиіс. Билік барлық жағдайды қарап, мәселені шешуге тырысып жатыр. Мемлекет басшысы халықты берекеге, ақылға шақырды. Президент Үндеуіне құлақ асуымыз керек.



РОЗА РЫМБАЕВА,
Қазақстанның
Халық әртісі,
Қазақстанның
Еңбек Ері:

Бүтінгі күннің батырлары

Күні кеше ғана еліміз жаңа жылды тойлап, жақсы тілекпен, жақсы үмітпен жылды бастаған едік. Бірақ қаңтардағы кенеттен орын алған қанды күндер барлығымыздың үрейімізді ұшырып, есеңгіретіп тастады. Басы бейбіт жиынмен басталып, соңы кантөгіске ұласты. Ел басына төнген қатерге басын тігіп, тоқтатуға келген құқық қорғау өкілдері мен әскерилерге қарсы оқ атты. Елдің бейбіт өміріне қатер төндіріп, берекесін кетірді. Қаншама адам ажал құшты. Осындай қиын сәтте Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев дербес шешімдер қабылдап, халқымен бірге болды. Мемлекет басшысының «Халықтың мені қолдайтынына сенімдімін. Қандай жағдай болса да, мен елордада боламын. Халықпен бірге болу – менің Конституциялық міндетім», – деп қадап айтқан сөздері біздің көңілімізді жайландырды. Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы сөзінде тұрды. Қазір еліміздегі жағдай тұрақталып келеді. Біздің халық талай қиындықты басынан кешірді. Бір заманда ел іргесіне жау шауып, жұрт аштықтан қырылып қалды. Қуғын-сүргін, соғысты көрді. Бірақ бейбіт заманда дәл осындай сұмдық болады

деп ойламаған екенбіз. Мен осы трагедиялық оқиғаға байланысты телеарнаға сұхбат бердім. Сол кезде «егер менің балаларым да әскери қызметті таңдағанда, олар да осылай алғы шепте жүрер еді-ау», – деп жылап қалдым. Жап-жас балалардың оққа ұшқаны жанымды ауыртты. Баласынан айырылып, қан жылап отырған аналар мен жарынан айырылып, жесір атанған

әйелдерімізге басу айтып, көңілімді білдіргім келеді. Бірақ әкенің аты – әке, баланың аты – бала. Олардың орнын толтыру еш мүмкін емес. Мен де екі баламды әкесіз өсіріп, ел қатарына қостым. Өз басымнан өткен қиындық арқылы жылап қалған аналардың да жанайқайын, мұны мен зарын түсініп отырмын. Баланың да, жардың да қымбат екенін білемін. Олар еліміздің тыныштығы мен беріктігі жолында өз өмірлерін қиды. Ендігі жерде олардың есімдерін жаңғыртып, ерліктерін насихаттау бізге аманат. Олар нағыз бейбіт өмірдің батырлары. Біз енді Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевқа қолдау көрсетуіміз керек. Мен бұрын да ол кісіні ерекше құрметтеуші едім. Ендігі жерде де Мемлекет басшысының бастамаларына өнер адамы ретінде қолдау көрсететін боламын! Ұлт болып ұйысып, бірігіп, елімізді көркейтуге атсалысайық! Саннан сапаға көшейік! Еліміздің амандығы өз қолымызда. Мен болашаққа сенемін! Дәл қазір бізге бірліктің қуаты ауадай қажет. Барлығымыз Үкіметтің жаңа бағытын қолдайық, өйткені, өзгеріссіз даму еш мүмкін емес. Келесі қадамды бірге жасайық!



Кенжехан МАТЫЖАНОВ,
филология ғылымының докторы:

Жұдырықтай жұмылуымыз керек

Мемлекет басшысы елдегі жағдайға толық сараптама жасады. Президент халықтың жанын жегідей жеген күрделі мәселелердің барлығынан хабардар және оны терең зерттеген. Жағдайды жедел сауықтырып, түбегейлі реформалар жасауға дайын екендігін көрсетті. Ол өзінің елдегі ахуалды толық білетіндігін және оны халықпен бірле-

се отырып шеше алатын саяси күш-жігерін айқын танытты. Сонымен қатар, ол іштегі аяқтан шалатындармен алдағы күрес бұдан да қиын болатынын тілге тиек етті. Сондықтан да қадірлі ағайын, Мемлекет басшысы мен жаңа сайланған Үкімет басшысына халық қолдауы ауадай қажет. Бір болайық, еліміздің тағдыры үшін жұдырықтай жұмыла білейік, қазақ жұрты!



Серік НҰРМҰРАТОВ,
философия
ғылымының
докторы,
профессор:

Еліміздің болашағы – бірлікте!

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Парламент Мәжілісінің отырысында жасаған баяндамасын ұжыммен бірге тыңдап, жылы қабылдадық. Президент саяси, әлеуметтік-экономикалық салалардағы өзекті мәселелерді шешу бойынша нақты бастамалар айтты. Ел Президентінің барлық бастамасына қолдау білдіру – міндетіміз. Мемлекет басшы-

сының барлық әрекетін ашық, жариялы түрде жасап жатқандығы – тұрақтылықты сақтап қалуға деген талпыныс қана екендігін айдан анық көрсетіп тұр. Президент Үкіметке және «Атамекен» ҰКП-ға халықтың табысын арттыру бағдарламасын әзірлеуді ұсынды. Сондай-ақ, шетелдік инвесторларды тарту мәселесін айтты. Бизнесің назардан тыс қалмайтынын, зардап шеккен кәсіпкерлердің барлығына қолдау болатынын атап өтті. Президентке барлық жағынан қолдау білдіруіміз керек. Бұл – елді тығырықтан алып шығудың жалғыз жолы деп санаймын! Еліміздің Президенті Қ.К.Тоқаев осы кезге дейін барынша демократиялық құндылықтар бен бағдарларды әлеуметтік кеңістігімізде орнықтыруды мақсат етіп келгені белгілі. Бірақ әртүрлі салалардағы теріс пиғылды кейбір күштер елдегі бейбіт шерулерді, дағдарысты жағдайларға, трагедиялық оқиғаларға жеткізді. Халықтың күші әуақытта оның бірлігінде және ақиқат жолымен жүруге талпынысында екенін ұмытпағанымыз жөн. Талай адал ұлдары мен қыздары бар, әлеуеті жоғары еліміздің көп ұлт өкілдері өмір сүріп жатқан кеңістігі өзінің жарқын келешегіне сеніммен қарайды деген ойдамыз. Болашақ Қазақстан әлеуметтік әділеттілік пен рухани құндылықтарды іздеген қуатты және өркениетті елге айналатынына сенімдіміз.



ҚР ҰЛТТЫҚ ҰЛАНЫНА – 30 ЖЫЛ

АЙРЫҚША МИССИЯ



Нұржамал
ӘЛШЕВА

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев кешегі өткен ҚР Парламенті Мәжілісінің отырысында әскери борышын өтеуден қашатын азаматтар туралы пікір білдірді.

«Көптеген жас азаматымыз Қарулы күштер қатарында әскери борышын өтеуден қашады. Әскери билетке ие болу жастардың мақтанышы тудырмайды және Отанға қызмет етудің белгісі саналмайтын болды. Армия қатарында қызмет ету, құқық қорғау саласында жұмыс істеу – айрықша миссия. Бұл Отан үшін жанын салуға бел буған азаматтардың саналы таңдауы. Жастарымызды әскери борышын өтеуге қалай ынталандыруға болатынын біз бүкіл қоғам болып ойластыруымыз керек», – деді Президент.

Жыл сайын еліміздегі мектептерді 150 мыңға жуық оқушы

11-сыныпты бітіріп шығады. Әдетте үлкен өмірге қадам басқалы тұрған жоғары сынып жеткіншектерін жиі толғандыратын мәселелердің бірі – мамандық таңдау. Сондықтан кім боласын деген сұраққа әркім әртүрлі жауап береді. Ер балалар көбінесе әскери адам болуды қалап, жоғары әскери оқу орындарына жол тартып жатады. Соның ішінде кейбірі Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының Әскери институтын таңдайды.

Әскери институт 1997 жылы құрылған. Сол жылдардан бастап институт түлектері қоғамдық тәртіпті және мемлекетіміздің аумақтық тұтастығын қамтамасыз етуге атсалысып келеді. Ұлттық ұланның Әскери институты құрылғаннан бері 4000-ға жуық офицер дайындалған. 49 түлек институтты алтын медальмен тәмамдап, 270 түлек үздік дипломмен бітірген.

Бізге Алматыдан барған екі курсантпен онлайн-сұхбаттасудың сәті түскен болатын.

Бекзат СОПЫБЕК, Ұлттық ұлан Әскери институтының 4-курс курсанты:

– Мен осы іргелі Әскери институтта білім алып жатқанымды мақтан етемін. Себебі, бұл білім ордасынан жан-жақты шыңдалып шығасың. Институт түлектері тек Ұлттық ұланның бөлімдерінде ғана емес, Қорғаныс министрлігінің бөлімдерінде, Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінде, Төтенше жағдай министрлігінде, Мемлекеттік күзет қызметінде, Ішкі істер министрлігі мен Ұлттық қауіпсіздік комитетінің арнайы мақсаттағы бөлімшелерінде де қызмет атқарады. 130-дан астам офицер-түлек «Бүркіт» арнайы мақсаттағы бөлімшелерінде еңбек етеді, олардың 41-і күрең беретті киіп жүруге құқылы.

Бүгін біздің еліміздің басшылығы Әскери институттың оқу-әдістемелік базасын одан әрі дамыту және оқу орнын Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланы академиясына қайта даярлау мәселесін қарастыруда. Бұл бізге жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламасы (магистратура, докторантура) бойынша әскерлеріміз үшін кадрлар даярлауға мүмкіндік береді.

Түлектердің арасында Бірімжанов Мирас, Байымбетов Ерлан, Самат Қадырбеков, Тінәлин Әмір, Азамат Нұрпейісов секілді кикбоксингтен әлем чемпиондары шығып, қазіргі таңда жас буынды тәрбиелеуде. «Алдыңғы дөңгелек қайда жүрсе, соңғы дөңгелек сонда жүреді» демекші, қазіргі күні оқып жатқан курсанттардың арасында да жекпе-жек төбелесінен әлем чемпионы қатардағы жауынгер Арапбай Сауран, панкратионнан әлем чемпионы қатардағы жауынгер Зубаиров Нияз бар.

Біз қай кезде де, қандай жағдайда да Тәуелсіз Қазақстанның қалқаны болуға дайынбыз!



Серікбол СӘРСЕНБАЙ, Әскери институттың 4-курс курсанты:

– Мектеп қабырғасында жүрген кезімде офицер боламын деп іштей шешіп те қойған болатынмын. Оқуға түсу үшін ғаламторды шарлап, қажетті мәліметтерді ерінбей-жалықпай іздестіріп, құжаттарды жинастырып, ұлттық бірыңғай тестілеу тапсырып, Петропавл қаласындағы Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының Әскери институтына оқуға түстім. Міне, көзді ашып-жұмғанша қазір 4-курста оқып жатырмын. Әскери институтта курсанттардың сапалы білім алуына толықтай жағдай жасалған. Институт оқу материалдық базасымен, қару-жарақ және техникамен жарақтандырылған. Далалық жағдайда жаттығу жасау үшін оқу орталықтары мен атыс алаңдары да бар. Өз кезегінде түлектер оқуды аяқтап, әскери бөлімдерге келгенде, іс жүзінде жинаған тәжірибесін қиналмай қолдануына негіз бар екендігін білдіреді.

Бүгінде мұнда, 4-курста Алматы қаласынан келген Бекзат Сопыбек, Дәуір Молдахмет, Еламан Нұрпейісов секілді курсанттар білім алып жатырмыз. Мақсатымыз – еліміздің ұлттық қауіпсіздігі мен қоғамдық тәртібін қамтамасыз ету үшін біз де бір кірпіші болып қаланып, мемлекетіміздің гүлденуі жолында адал еңбек ету. Ел сенімін ақтау. Халқымыздың тыныштығы мен бейбіт өмірін күзетуде кірпік қақпай тұрған Ұлттық ұланымыздың абыройын асқақтату.

Елімізде орын алған кешегі ауыр күндерде қауіпсіздігімізге қалқан бола білген қайсар әріптестеріме ризашылығым шексіз.

ҚОҒАМДЫҚ ТӘРТІП



Суретті түсірген Самат Құсайынов.

Сақтық шаралары күшейтілуде



Әсел
ДАҒЖАН

Қалалық Полиция департаментінің басшысы Қанат Таймерденовтің айтуынша, қалада сақтық шаралары барынша қолға алынған.

«Өткен тәулікте қаламызда 14 қылмыс болды. Оның бәрі ізі суымай ашылды. Полиция жасақтары Алатау және Медеу аудандарында профилактикалық және іздестіру шараларын өткізді», – деді Қ.Таймерденов.

«Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге, азаматтардың құқықтарын сақтауға, заңдылықты орнатуға Ішкі істер органдарының қызметкерлері және әскери жасақтар жұмылдырылды. Сақтық шаралары барынша қолға алынды», – деді департамент басшысы.

Елде дүрбелең тудырып, нысандарды қиратып, тонады деген күдікпен қазіргі уақытта 1678 адам ұсталды. Заңсыз айналымнан 36 бірлік атыс қаруы мен 1 мың 476 оқ-дәрі тәркіленіп, Алматының шетінде орналасқан 5 блок-бекетте 38 адам ұсталды.

«102» пультіне 881 хабарлама келіп түскен. Комендатураның Call-орталығына азаматтардан жедел әрекет етуді талап ететін 136 қоңырау қабылданды. Қазақстан Республикасының «Төтенше жағдай туралы» Заңына сәйкес, орындалуға тиіс бірқатар басты және уақытша шектеулер қарастырылған.

«Осы уақытта жасалған құқықбұзушылықтар үшін жауапкершілік едәуір қатаң болады. Мен Алматы қаласының комендантты ретінде азаматтарға сақтық шаралары жайлы үндеу жасаймын. Араңдатушыларға ермей, тек ресми дереккөздерден алынған ақпараттарды қолданыңыздар. Заң талаптарын қатаң сақтап, қолданылып жатқан шараларға түсіністікпен қарауларыңызды сұраймын», – дейді Қанат Таймерденов.

БІЛГЕНІҢІЗ ЖӨНІ

• ҚР ҚЫЛМЫСТЫҚ КОДЕКСІНЕН:

Төтенше жағдай кезінде жалған ақпарат таратқаны үшін 3 жылдан 7 жылға дейін бас бостандығын шектеу не сол мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы қарастырылған. (274-бап/4).

• ҚР ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ЗАҢЫНАН:

Коменданттық сағат ережелерін бұзған жеке тұлғаларды ұстау тәртібі

Коменданттық сағат ережелерін бұзған жеке тұлғаларды Ішкі істер органдарының қызметкерлері (полиция) немесе әскери патрульдер – коменданттық сағат аяқталғанға дейін, ал жеке басын куәландыратын құжаттары өзімен бірге болмағандарды жеке басын анықтағанға дейін, бірақ Ішкі істер органы бастығының немесе оның орынбасарының шешімі бойынша 48 сағаттан аспайтын уақытқа ұстайды. Ұсталған адамдар және олардың өздерімен бірге болған заттары мен көлік құралдарының тексерілуі мүмкін. (20-бап).

ХАЛЫҚТЫ ҚОЛДАУ

Абоненттерге 50% жеңілдік жасайды



Рая
ЕСКЕНДІР

Еліміздегі ең ірі «Қазақтелеком» байланыс операторы халықты қолдауға бағытталған шаралар кешенін қабылдады.

Соның ішіндегі тұтынушылар үшін ең маңыздысы – жеке абоненттерге ағымдағы жылдың қаңтар айындағы қызметтері үшін ай сайынғы абоненттік төлемге 50% жеңілдік беруі болды. Компания басшысының айтуынша, түзетілген соманы ақпан айында шығарады, өйткені post paid режимінде жұмыс істейді (яғни төлемсіз есептеу әдетте есеп айырысу айынан кейінгі 25-ші күнге дейін жасалады). Сондай-ақ, бұл тармақ компанияның тұтынушыларымен жасасқан ашық келісім-шартында да анық жазылған.

Сондай-ақ, байланыс операторы ағымдағы жылдың 31 қаң-



Суретті түсірген Самат Құсайынов.

тарына дейін барлық абоненттеріне шектеусіз қалааралық қоңырау шалуға, сонымен қатар тіркелген қалалық нөмірлерге қосымша төлемсіз хабарласу үшін байланыс операторларының мобильді нөмірлеріне 1000 минут тегін таратылды. Тағы бір маңызды шара: «Қазақтелеком» мамандары ISMET.kz бизнес-порталына бірқатар техникалық шешімдерді енгізу арқылы, бұл сервисті де интернетсіз пайдалануға болатын мүмкіндік жасады.

Отандық кәсіпкерлер барлық қажетті операцияларды әдеттегідей жүзеге асыра алады, сондай-ақ ISMET.kz порталы арқылы өтінім бере отырып, байланыс қызметтеріне төлемдерді уақытша тоқтатып немесе кейінге қалдыра алады. Сондай-ақ, ШОБ субъектілері үшін «Қазақтелекомның» байланыс қызметтерін қосу және ақаулықтарды жоюға өтінімдерді жіберуге арналған порталда онлайн қызметі қолжетімді.



#ЕКПЕАЛ

Вакцина тиімділігі дәлелденген

Әлем бойынша күш алып келе жатқан «омикрон» штамы Алматыда да тез таралуы ықтимал. Бұл туралы қалалық аппараттық кеңес барысында Алматы қаласы әкімінің орынбасары Ержан Бабақұмаров мәлімдеді.

Сондықтан бәрімізге сақ болған абзал дейді жергілікті билік өкілдері. Сонымен қатар, алматылықтарда коронавирустың таралуын бәсеңдетуге, яғни ковидке қарсы вакцина алуға және бустерлік екпе салдыруға барлық мүмкіндік барын айтып отыр.

Қала бүгінде «қызыл» аймақта орналасқан. Яғни Алматыдағы эпидемиологиялық жағдай нашарлай түскен. Тұрғындар арасында бір аптадағы жұқтыру көрсеткіші 2 есеге артқан. Болжам бойынша, мегаполисте індеттің тағы бір толқыны басталып кеткен.

Сонымен қатар, қала әкімінің орынбасары жаңажылдық мерекелер мен нақты оқиғаларға байланысты тұрғындар коронавирусты анықтайтын тестілеуден 8–10 есе аз өткенін атап өтті.

Ержан Бабақұмаров Алматыда корона-вирус дерті өткен жылдың желтоқсан айының соңында өсе бастағанын тілге тиек етті. Сол кездің өзінде эпидемиологтар мұны «омикрон» штамының тарала бастауымен байланыстырған болатын.

Аппараттық кеңес барысында атап өткендей, 6 қаңтарда толық геномдық секвенирлеу нәтижелері алынды: ҚР Денсаулық сақтау министрлігіне жіберілген 96 үлгінің 8 сынағасынан «омикрон» штамы табылып, оның 7-еуі Алматыға тиесілі болған. Бізде «омикрон» штамын көбінесе жасөспірімдер мен 20–39 жас аралығындағы тұрғындардың жұқтырғаны белгілі болып отыр.

Мамандар пікірінше, шаһарда корона-вирустың «дельта» штамы әлі де дес бер-



мей тұр. Бұл нұсқа сынамалардың 71%-да анықталған, ал «дельта-плюстің» үлесі – 16%-да, басқа штамдар – 4,7%.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Бір күнде 2410 адам екпе салдырды

Алматы қаласында бір тәулікте 2410 адам коронавирусқа қарсы вакцина салдырды. Бұл туралы қалалық Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы хабарлады.

«11 қаңтар күні 2410 алматылық вакцина салдырды. Вакцина салдырғандар саны бойынша Алматы қаласы алдыңғы орында. Биылғы жылдың 2021 жылдың 1 ақпаны мен 2022 жылдың 11 қаңтары аралығында қалада 1 052 525 тұрғын вакцинаның бірінші компонентін, 1015 921 адам екінші компонентін салдырған. Оның ішінде 123 454 адамның жасы 60-тан асқан», – деп хабарлады басқармадан.

Бүгінгі таңда Pfizer (Comirnaty) компаниясының екпесін 31 632 адам салдырды. Оның ішінде 1 737-сі – жүкті әйел, 6396-сы – бала емізетін ана және 23 499-ы – жасөспірім. Ревакциналаудан 71 040 алматылық өтті. Қалада 132 пункт жұмыс істеп тұр. 762 адамнан тұратын 201 егу бригадасы бар.

Аталған басқарма таратқан мәліметке сүйенсек, 11 қаңтардағы ақпарат бойынша Алматыда 210 адамнан коронавирус анықталды.

Инфекциялық стационарларда (төсек-орын саны – 1348) 475 адам ем қабылдап жатыр. Сондай-ақ, реанимация және қарқынды терапия бөлімінде 32 адам бар. Ал 6 науқас жасанды тыныс алу аппаратына қосылған. Инвазивті емес жасанды тыныс алу аппаратында 15 адам ем қабылдауды жалғастыруда. High flow-да 6 аппарат жұмыс істейді. Медициналық-санитариялық алғашқы көмек мобильді бригадаларының және Телемедицина орталығының амбулаториялық бақылауында 1257 пациент бар. Оның ішінде індет белгілері бар, орташа ауыр жағдайда – 1187 науқас. 70 адамда коронавирус белгілері жоқ.

Ержан Бабақұмаровтың айтуынша, «омикрон» штамы өте жылдам жұғады, сондай-ақ жеткіншектер үшін аса қауіпті. Ол коронавирустан қорғанудың ең сенімді әрі ғылыми дәлелденген жолы тек вакциналау болып қала беретінін еске салды. Сондай-ақ, қалада халықты коронавирусқа қарсы иммундау жалғасып жатқанын атап өтті.

Әлемнің жетекші ғалымдары мен сарапшыларының деректері бойынша, қолданыстағы вакциналармен ревакциналану «омикрон» штамынан да қорғайды. Бүгінгі күні Алматыда ұжымдық иммунитеттің деңгейі әлі де төмен, иммундық қабат бар болғаны 59,4%-ды құрайды. Сондықтан мамандар баршамызды вакцина алуға шақырып отыр.

ҚАЛАЛЫҚ ШТАБ



Дәріханалар ЖҰМЫСЫ ҚАЛЫПТЫ

Алматы қаласы әкімдігінің өкілдері шаһардағы дәріханалардың жұмысы туралы хабарлар етті.

Алматы қаласының тыныс-тіршілігін қамтамасыз етуді қалпына келтіру жөніндегі қалалық штаб таратқан мәліметке сүйенсек, мегаполисте 970 дәріхана бар. Олардың 877-сі бүгінгі күні таңғы сағат 09.00-ден 18.00-ге дейінгі режимде жұмыс істеп тұр. Кешегі бүлік кезінде 19 дәріхана зардап шеккен.

Қала дәріханаларына дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдарды жеткізуді «Медсервис», «INKAR», «Аманат» сынды 3 ірі фармацевтикалық компания жүзеге асырады. «10 қаңтардағы жағдай бойынша, «Медсервис» компаниясы 40 293 бірлік көлемінде дәрінің 1070 түрін тиіс жөнелткен, «Аманат» компаниясы 203 700 бірлік көлемінде дәрілік заттың 2040 түрін жеткізді. Басқа ірі жеткізушілер 11 қаңтардан бастап қала дәріханаларының тапсырыстары бойынша қажетті дәрі-дәрмекті жеткізуді қолға алды», – деп хабарлады Алматы қаласының тыныс-тіршілігін қамтамасыз етуді қалпына келтіру жөніндегі қалалық штаб.

МАМАН ПІКІРІ

Ревакцина бізді қорғайды

Алмаз ШАРМАН, профессор:

– «Омикрон» нұсқасының пайда болу себептерінің бірі вакциналанбаған адамдардың ағзасында вирустың ұзақ репликациясының болуынан туындайды. «Омикрон» иммундық қорғанысты жеңіп кете алады. Сондықтан иммундық жауапты күшейту үшін өте маңызды тетік – бустерлік дозаны барынша қосудың уақыты келді. Ревакцина – бұл бейтараптандыратын антиденелер деңгейін ынталандыратын үшінші вакцина. Ол



шын мәнінде коронавирустан қорғайды. Сонымен қатар, үшінші вакцина ағзаны аурудың ауыр түрлерінен сақтайды. Ол жоғалған иммундық қорғанысты қалпына келтіреді. 60 жастан асқан адамдарға, сондай-ақ диабетпен, семіздікпен, гипертониямен, жүрек-қан тамырлары, аутоиммундық және басқа аурулармен ауыратын адамдарға қайта вакциналау өте маңызды. Балаларды да қорғауымыз керек. «Омикронға» немқұрайды қарауға болмайды.

Бұл пандемияның соңғы кезеңі болады деп үміттенемін. Бірақ коронавирус эндемикалық инфекция болып қалады, яғни ол оқтын-оқтын өзінің бар екенін еске салып отырмақ. 2022 жылы әлемді әбiгерге салған пандемияның аяқталатынына сенгiм келедi.

ДОНОР



Менің көмегім

Кейінгі үш күнде 370-тен аса теміржол қызметкері кешегі жаппай тәртіпсіздік кезінде зардап шеккен жандар үшін қан тапсырды.

Ігі бастаманың алғашқы донорлары атыраулық теміржолшылар екен.

Жалпы, осынау сын сағатта қан тапсырып, донор болуға еліміздегі барлық өңір ниет білдіріпті. Ізгілікті бастама жалғасын табуда.

– Бүкіл Қазақстанға осындай ауыртпалық түскенде, бұл әрбір отандасымыздың міндеті деп ойлаймыз. Жолдасымыз екеуіміз келіп отырмыз. Екеуіміз де жұмыс істейміз. Қолымыздан келген көмек осы болған соң, келіп қан тапсырып жатырмыз, – дейді теміржолшы Манас Аманов.

Иә, бір тамшы қанның да адам өмірін сақтап қалуға қауқарлы екенін ұмытпайық.

ӘЛЕМ ЖӘНЕ ПАНДЕМИЯ

«Омикрон» күш алып барады

■ **ҚАЗАҚСТАН** тұрғындарын ревакциналау үшін Гамалей атындағы ҒЗО әзірлеген COVID-19-ға қарсы бір компонентті «Спутник Лайт» препаратының 150 000 дозасы ақысыз негізде берілетін болады.

20 қаңтарға дейін «Спутник Лайт» вакцинасы Нұр-Сұлтан қаласындағы СҚ-«Фармация» қоймасына жеткізіледі.

■ **ӨЗБЕКСТАН** ковидке қарсы күрес іс-шараларын күшейтті. Дәлірек айтқанда, қоғамдық орындарда бетперде тағу, әлеуметтік қашықтық және жеке гигиена ережелерін сақтау сынды талаптар қатаң бақыланады. Барлық мекемеге, ірі сауда орталықтарына, супермаркеттерге және ойын-сауық ғимараттарына келушілердің дене қызуын өлшеп отырады. Мемлекеттік қызметкерлер мен студенттер тек екпе алғаннан кейін ғана жұмысқа және оқуға жіберіледі. Бұл елде де халықты толық вакциналауға және ревакциналауға баса назар аударылууда.

■ **АҚШ** жерінде дәрігерлер жетіспей жатқан көрінеді. Ондағы эпидемиологиялық «омикронның» жылдам тарауы ушықтырып жіберген. Қазір әрбір төртінші ауруханада кадр тапшылығы байқалып отыр. Сондықтан жергілікті билік кейбір медициналық мекемелерде вирус жұқтырған, бірақ ауруы симптомсыз өтіп жатқан дәрігерлерді жұмысқа шығаруға мәжбүр. Олар тек ковидке шалдыққан пациенттерді емдейді. АҚШ вирус жұқтыру бойынша әлемде бірінші орында тұр.



■ **АВСТРАЛИЯ** да етек-жеңін қымтай бастады. Бұл елде де індет қайта дендеп бара жатқан көрінеді. Бір тәулікте Жаңа Оңтүстік Уэльс штатында 30 мыңнан аса науқас тіркеліп, 16 адам осы дерттен көз жұмған. Бұл пандемия басталғалы оларда тіркелген ең жоғары көрсеткіш екен. Жергілікті мамандар вакцина алмаған адамдарды екпе салдыруға шақырып отыр.

■ **ҰЛЫБРИТАНИЯ** билігі мектеп оқушыларына бетперде тағып жүруді қатаң міндеттеп отыр. Яғни Англияда карантиндік шараларды қайта қолға алды. Жалпы, Ұлыбританияда коронавирус жұқтырғандар көп. Тіпті, медицина қызметкерлерінің өздері ауруға шалдығып жатқан көрінеді.

Сонымен қатар, оқушылардың бәріне ата-анасының рұқсатымен мектеп ішінде ПТР-тест тапсыруға кеңес берілуде. Оған қоса, үйден күніне екі рет COVID-19 антигенін анықтайтын тегін экспресс-тест тапсыру талабы да бар.

Бұған дейін ковид жағдайлары жастар арасында көбірек тіркелсе, қазір ол жас талғамай отыр. Егде жастағылар арасында да науқастар саны артып, ауруханаға түскендердің саны да көбейіп бара жатқан көрінеді. Бұл «омикрон» туындатып отырған қиындықтар деседі.

■ **ИТАЛИЯ** елінде кейінгі тәулікте 60 мыңнан аса адам коронавирус жұқтырған. Әсіресе, балалар көп тіркелген. Әзірге бұл мемлекетте «дельта» дес бермей тұрған көрінеді. Нақтырақ айтсақ, науқастардың 79%-ы осы дертті жұқтырған. «Омикрон» да етек жайып келеді деп аландап отыр жергілікті мамандар.

■ **ЖАПОНИЯ** да «омикронмен» күресуде. Бір тәулікте мыңнан астам адам коронавирус жұқтырған. Бұл кейінгі 3 айдың ішінде алғаш рет бір күнде тіркелген көрсеткіш. Ал 16 қыркүйектен бері «омикрон» штамын 200-ден астам адам жұқтырған.

■ **КИПР** аралында коронавирустың жаңа түрінің тіркелгенінен бұған дейін хабардар боларсыздар. Бұл ақпарат елімізде террорлық әрекеттер орын алып жатқан кезде тараған болатын.

Ғалымдар оны «дельта» және «омикрон» штамдарының гибридін деп отыр. Жаңа мутацияға «дельтакрон» деген атау берілген. Оны 30-ға жуық тұрғынның жұқтырғаны белгілі болды. Әзірге бұл штамм ғылыми тұрғыда зерттелу үстінде.

Бетті әзірлеген Нұржамал ӘЛШЕВА.



КЕЛБЕТ

**Қазақстанның Халық әртісі,
Мемлекеттік сыйлықтың
лауреаты Нұрғали
Нүсіпжанов 5 қаңтарда
85 жасқа толды.**

АЛАШ ЖҰРТЫ АРДАҚТАҒАН...



**Айжан
БҮРІКІТБАЕВА**

Дара тұлғаның өнер сахнасында жүргеніне – 65 жыл. Осы орайда, ұлт өнерінің абызына айналған ағамыз өнер жолындағы естеліктерімен бөлісті. Жезтаңдай әнші Нұрғали Нүсіпжанов әңгімесін балалық шағынан бастап, өскен ортасы, туған өңірі туралы сөз қозғады:

– 1937 жылы 5 қаңтарда жер жаннаты Жетісудың әйгілі Күреңбелдегі Алтынемел тауының бауырындағы Доланалы деген шағын ауылда туып-өстім. Біздің ауылда долана деген жеміс керемет мол өседі. Сондықтан ауыл атауы Долана деп аталып кеткен. Ата-бабаларым осы таудың күңгейі мен теріскейін қатар мекен еткен. Сол ауылда жеті жылдық мектеп болды, соны бітірген соң қалған сыныптарды аудан орталығы Қоғалыдағы мектепте жалғастырдық. Бала Нұрғали қандай болды дегенге келер болсақ, бала кезімде сурет салуға тым құмар едім. Ол кезде қазіргідей сурет салуға арналған түрлі қалам табыла бермейді. Сонда ағаштың шоғынан қалған қара күймен үйдің әппақ қабырғасына түрлі сурет салып тастайды екенмін. Оны көрген анам (ол кезде әктің де қат кезі ғой) маған ренжіп, ұрсып жүретін, – деді өнер иесі.

Әншіліктен бөлек, қылқаламды сөйлете білетін өнері барын айтқан Нұрғали ағамыз бала кезінде қандай суреттерге құмар болғанын да айтты:

– Ауыл баласы нені көрсек, соны саламыз ғой. Сол тауды, құстарды, табиғатты бейнелеймін. Бір қызығы, суретті өте әдемі салушы едім. Мектеп қабырғасында жүргенде түрлі сахналық безендіруге қатысып, «суретші бала» атанғаным да бар. Онымен қоса, сол сахналарда ән де салып жүрдім. Ол кезде

жоғары оқу орнына түсу үшін әрбір түлек алдымен екі жыл комсомолдық жолдамамен еңбек етуі керек деген талап болатын. Сол шартпен екі жыл ауылда шопан болып жұмыс істедім. Содан кейін ғана қазіргі Құрманғазы атындағы консерваторияға түстім. Ол жерде жеті жыл кәсіби білім алдым, – деді халық әртісі.

Әңгіме барысында жезтаңдай әнші консерваториядан кейін еңбек жолын қай жерден бастағаны туралы сөз етті. Айтуынша, оқу орнын бітіргеннен кейін бірден Абай атындағы Опера және балет театрына жұмысқа қабылданған. Ол жерде екі жыл жұмыс істеп, кейін Қазақ радиосының музыкалық хабарлар редакциясын басқаруға шақырту алған. Артынан қазақ телевизиясының музыкалық хабарлар редакциясын да басқарып, бас-аяғы 10 жыл радио мен телеарнада қызмет атқарған екен. Одан кейін 20 жылдай Құрманғазы атындағы ұлт аспаптары оркестрінде жетекші әнші болды. «Жалпы, қай жерде жүрсем де, халқым мені ерекше еркелетті, әнімді, өнерімді барынша жоғары бағалады» деген әншінің биыл қазақ сахнасында ән салғанына 65 жыл толып отыр. «Бір сөзбен айтқанда, мен 65 жыл Алаштың алақанында еркелеп жүрдім. Түрлі гастрольдік сапармен әлемнің төрт бұрышын шарладым», – дейді әнші.

«ҚОНАЕВТАН СЫН ЕСТІП ҚАЛҒАН КЕЗІМ БОЛҒАН»

Нұрғали Нүсіпжанов Димаш Ахметұлы өзін ғана емес, сол кездегі талантты жастардың бәрін жақсы көргенін айтады. Солардың ішінде Қонаевтың ықыласы өзіне ерекше ауғанын жеткізді.

«Ол кісі ұлттық өнерге ерекше жанашыр адам болды. Бізді әрбір шет мемлекеттерге гастрольдік сапарға кетер алдында міндетті түрде қабылдап, ақыл-кеңесін айтып отыра-

тын. Ол сапардан оралған соң мың сан шаруасының арасынан уақыт тауып, бізді қабылдап, сапардың жай-жапсарын сұрап, жетістіктерімізге қуанып, марқайып отыратын. Бір қызық оқиға есіме түсіп отыр. Бір кездесуден соң «Нұрғали, сен қала тұршы» деді. Қалдым. Содан бетіме қарап отырды да: «Сен өзі неғылған адамсың?» деп дүрсе қоя берді. Бірден «не бүлдіріп қойдым екен?» деген ой келді. Димаш аға маған «сенен басқа елдер маған кірсе, негізгі ресми шаруасын реттеп алған соң жеке басына қатысты мәселесін де шешіп беруімді өтініп жатады. Ал сен болсаң осы уақытқа дейін неше рет келдің, неге үйің жоқ екенін, ата-ананың жалғыз баласы екенінді айтпағаның?» деді. Сол кезде барып артық ешнәрсе бүлдіре қоймағанымды сезіп, «уһ» дедім ғой. Ол кісі сондай өнерге, жалпы руханиятқа ерекше жанашыр тұлға еді», – деді Н.Нүсіпжанов.

Шәмші Қалдаяқов, Мыңжасар Маңғытаев сияқты таланттармен де бірге жүрген, сол кісілердің әндерін де орындаған әнші араларында ерекше достық сезімнің өрбігенін айтты:

– Нұрағам, Шәмші, сосын Мыңжасар Маңғытаев, осы үш сазгер мені «жекеменшік әншіміз» деп әзілдейтін. Өйткені, бұлардың көптеген әнінің алғашқы орындаушысы мен болдым. Әсіресе, Шәмшінің әндерін жиі орындап жүрдім. Шәкен мені ылғи да «Нұрағаш» деп еркелетіп отыратын. Ол кісі бір кездері Алматыдан алыстап, Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан облыстарында тұрды. Сол кездерде дүниеге келген әрбір жаңа әнін ешкімге берместен Алматыға арнайы іздеп келіп, маған табыстап кететін. Сондай әнінің бірі – «Теріскей». Ол әнді ақын Сабырхан Асанов екеуі Оңтүстік өңірді аралап жүріп, Созақ ауданына барғанында жазған екен. Бұл аудан өзі Қаратау тауының теріскей бетінде жатқан ауыл ғой. Кешегі Сүгір Әлиұлы, Тө-

леген Момбеков сияқты небір дүлдүлдер шыққан өңір. Соны маған Алматыға ерінбей ат терлетіп келіп, өзі табыстап кетіп еді, – деді ол.

«КІТАПХАНАМ КІТАПҚА ТОЛЫ»

Бір кездері 10 жылдай Нұрғали басшылық еткен «Қазақконцерт» мекемесінің жанынан құрылған «Жазира» аспаптық ансамблі кейін әртүрлі себепке байланысты жабылып қалған. Қазір сол ансамбльге пайдаланған небір сирек кездесетін ұлттық музыкалық аспаптар Нұрғали Нүсіпжановтың жеке қорында сақтаулы тұр. Сондай-ақ, Нұрғали ағамыз кітаптарды жинағанды жақсы көретінін де жеткізді:

«Мен жалпы, гастрольдік сапармен қайда барсам да, қолым қалт еткен сәттерде сол қаладағы кітап дүкендерін аралағанды жақсы көремін. Солардың арасынан ұнағандарын сатып алып келемін. Бүгінде жеке кітап қорымда жеті мыңға тарта кітап бар. Көпшілігі танымдық, тарихи және өнерге қатысты тақырыптарды қамтыған дүниелер. Мұқали деген батыр Қытай империясының іргетасының қалануына атсалысқан тұлға болған. Ұлты қазақ, ұлы жүздің ішінен жалайыр руынан шыққан. Бұл батыр туралы бала күнімізде қариялардың әңгімесінен естіп жүретінбіз. Кейін сұрастырып жүріп Қытай елінің мұрағаттарында ол кісі туралы біраз мәліметтер бар екенін естідім. Артынан сол Қытайда тұратын Акбар Мәжит деген тарихшы қандасымызбен таныстым. Сол азаматтың көмегімен мұрағаттағы Мұқалиға қатысты деректерді жинастырып, қазақ, ағылшын және қытай тілдерінде деректі жинақ етіп шығардым. Бұл кітап тек деректерден тұрады. Артық-ауыс әсірелеу мен көркемдеуге жол берілген жоқ», – деді Н.Нүсіпжанов.

«МАТЕМАТИК БОЛЫП КЕТУІМ МҮМКІН ЕДІ»

80-нің сенгірінен асып, сексен беске аяқ басқан ағамыз мектепте жүргенде сурет салумен қатар математика деген пәнді керемет жақсы көргенін айтады.

– Әсіресе, геометриялық фигураларды сызғанда мүлт кетпеуші едім. Кейбір теоремалар әлі күнге дейін есімде бар. Ұстаздарымның көбі мені математик болады деп үміт күтетін. Кейінге дейін жолығып қалғанда «Сен әнші емес, математик болуың керек еді. Сенен мықты ғалым шығатын еді» деп айтып жүрді. Соған қарағанда мүмкін осындай нақты ғылымдардың бірімен айналысып кетер ме едім деп ойлаймын, – деді өнер иесі.

Әңгіме соңында Нұрғали Нүсіпжанов барша халыққа ізгі тілек-ниетін жеткізді:

«Бұл жыл баршамызға құтты, берекелі жыл болсын! Мынау елді жалпы адамзатты әбігерге салған аты жаман дерт тезірек кетіп, бұрынғыдай мамыражай заманға оралуымызды тілеймін. Өтіп бара жатқан 2021 жылда қазақ халқына жаман болған жоқ деп ойлаймын. Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығын атап өттік. Ел іргесі берік, тыныш болсын! Қауіп-қатердің бәрі артта қалып, қой үстіне бозторғай жұмыртқалайтын заман болсын деп тілеймін», – деді халық әртісі.

ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ

**Алматы қаласындағы
ҚР Мемлекеттік
Орталық музейіне
бүлікшілер шабуыл
жасаған кезде музей
директорының
орынбасары Бибігүл
Дәндіқарақызы
ұлттық мұраларды
бүлікшілердің
қиратуынан қорғап
қалды.**

Директор орынбасарының айтуынша, бүлікшілер музейге кірген бетте «Алтын адамды» және музейдегі алтын заттарды іздеген.

«Қалада оқыс жағдай басталған кезде музейде жеті қызметкер қалып, басқаларын үйлеріне қайтарып жібердік. Түстен кейін музейге таяу орналасқан жердегі ғимараттарға шабуыл жасалып, өртеніп жатқанын байқадық. Шамамен сағат 16.00 кезінде 200-дей шабуыл жасаушы музей ғимаратына кірді. Жүгіріп алдарынан шықтым. Барлығы дерлік жастар. Бар даусыммен айқайлап, ештеңеге тиіспеуін

өтіндім. Олар сөзге тоқтамай, электронды құрылғыларды қирата бастады. Арасында біреулері менің сөздерімді естіп, қалғанына тоқтау салды. Оларға «Бұл заттардың барлығы – ата-бабамыздан қалған асыл мұра. Сындырмаңыздаршы, бұларды өрттесек, біздің тарихымызда ештеңе қалмайды. Ертеңгі күні сіздерге керек болады ғой»

деген сөзімді кейбірі тыңдады. Тыныштық орнатып, менен «Алтын адамның» оригиналы қайда?», «Алтын заттар қайда тұр?», «Қылыштар бар ма?» деп сұрай бастады. «Алтын адамның» түпнұсқасының бізде емес екенін айттым. Музей туралы, музейдің қазір және болашақта не үшін керек екенін тоқтамай айта беріппін. Араларына

кіріп, бірде ортасына шығып, барынша көндіруге тырыстым», – деді Б.Дәндіқарақызы.

200-дей шабуылшы музейде болған уақытта ғимараттың қор сақтайтын арнайы жертөлесінде жаралы әскери мамандар болған.

«Біз музейге шабуыл жасаған дармен алысып жатқанда, музейдің бункерінде құқық қорғау орғанда-

рының 15 қызметкері жаралы жатқан еді. Музейдегі 2 қызметкер жаралыларға білгендерінше медициналық көмек жасады. Шабуылдаушылар бес сағаттай музейде болған кезде бункерде құқық қорғау органдарының 15 адамы жаралы жатқанын білмеді. Барынша білдірмеуге тырыстық. Араларында біреуі барынша тіміскілеп, сақтық танытып, бірдеңеге сезіктеніп жүргенін байқадым. Оны да сөзге тартып, көңілін аулауға тырыстық», – деді музей директорының орынбасары.

Музейге келтірілген материалдық залал көлемі жақын күндері анықталатын болады. Ең бастысы – Ұлттық мұраларымызға зақым келмеген.

Музей қызметкерлерінің табанды ерлігінің нәтижесінде ұлттық мұраларға зақым келмей, электронды таблолар, стендтер тәрізді қайта қалпына келтіруге болатын, тарихи-мәдени құндылық болып саналмайтын құрылғылар ғана қираған.

**Дайындаған
Әсел ДАҒЖАН.**

МУЗЕЙ ҚЫЗМЕТШІЛЕРІНІҢ ЕРЛІГІ



Суретті түсірген Самар СЕРІКБАЙҰЛЫ.



Д.А.ҚОНАЕВ – 110

ҰЛТЫ СҮЙГЕН ҰЛЫ ТҰЛҒА



12 қаңтар – қазақ тарихындағы айтулы тұлға, аса көрнекті мемлекет қайраткері Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың дүниеге келген күні.
50 жыл ел ағасы болған бірегей тұлға жөнінде айтылар сөз де, естелік те жетіп-артылды. Дінмұхамед Ахметұлының Қазақстанның өнеркәсіптік және шикізаттық базасын, құрылыс инфраструктурасын, ғылым-білімін, мәдениетін өркендетуге сіңірген еңбегі ұлан-ғайыр. Сонымен қатар, оның кісілік келбеті мен адами зор қасиеттері де уақыт өткен сайын мейлінше тұлғалана түсуде. Ол туралы том-том кітап жазып, бүкіл ел-жұрт күні-түні шежіре шертсе де сағынышты сырдың түгесілмесі анық. Бұл жердегі әңгіме де Димаш Ахметұлы бейнесінің жекелеген сипаты, әлдебір қырлары жөнінде ғана болмақ. Мәселен...

қақтыра тамсандырып жүрген Алматының сұлу бейнесі, ондағы небір сәнді ғимараттар, келісті де көркем кешендер, ғылым, білім, мәдениет нысандары, бәрі-бәрі – кезінде Димекеннің тікелей басшылығымен бой көтерген дүниелер. Шын негізінде, Алматыны Алматы еткен – Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев. Түрлі естеліктерге жүгінсек, Димаш аға: «Алматыда метро салдыра алмадым», – деген өкініште кетіпті.

МАМАНДЫҒЫ...

Өзінің айтуынша, Димаш Ахметұлы оң-солын танығаннан бастап-ақ тау-кен инженері болуды арман еткен. Оның бірінші себебі – тау-кен ісімен шұғылдану ол кезде біздің ұлт үшін өте сирек жағдай болса, екіншіден, бұған Димекеннің тұңғыш қазақ инженері Мұхамеджан Тынышбаевты бала кезінен ерекше құрмет тұтуы себепкер болған. 1906 жылы Петербургтегі жол құрылысы инженерлерін даярлайтын институтты үздік бітіріп, инженерлік кәсіпті таңдаған.

Еңбек жолын тау-кен-инженері болып бастап, Балқаш мыс қорыту комбинаты мен Лениногор қорғасын-мырыш комбинаты сынды еліміздегі ең алып өндіріс орындарында қызмет істеген Димаш Ахметұлы бірте-бірте Ғылым академиясының президенттігіне жоғарылаған. Одан кейінгі өмірінің бәрі де партия-кеңес органдарында, Қазақстан Компартиясының Орталық Комитетінде қызметте өтеді. 10 жылдай Қазақ КСР Министрлер Кеңесінде төрағаның орынбасары, төраға, 27 жыл Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы, 21 жыл СОКП ОК Саяси Бюросының мүшесі болады. Сол Димекен зейнеттік демалысқа шыққаннан кейін өзіне жаңа визитка жасатса керек. Сөйтіп, оған аты-жөнінен басқа, «тау-кен инженері» деген жалғыз ауыз сөз жазғызған. Оны көрген жақындары: «Мұныңыз қалай? Докторлық дәрежеңіз бен академиктік атағыңызды неге қосқыздаңыз?» деп таңқала сұрайды. Сонда Димаш Ахметұлы: «Оның бәрі – өтпелі де кетпелі, ал «тау-кен инженері» деген – өмірлік нәрсе» деп жауап берген көрінеді. Сол сияқты, өмірінің соңғы жылдарында жанында болған, жақын араласқан жазушы Серік Әбдірайымұлына да: «Мен бар болғаны тау-кен инженерімін. Өмірімнің алтын дінгеі осы» деп ағынан жарылған. Әрине, мұнда, бір жағынан, қарапайымдылық, екінші жағынан, нағыз кәсіпқой адамның өз мамандығына деген шынайы құрметі жатыр.

МАХАББАТЫ

Димаш Ахметұлы, өзі айтпақшы, тұп-тура 50 жыл, 6 ай, 2 күн отасқан жұбайы Зухра Шәріпқызына деген махаббатын өмір бойы жанына жалау ғып өткен. Зухра Шәріпқызы «ұлықтың әйелімін» деп кергуді білмеген. Көпшіліктің білмегені, қонақжайлылығымен ағайын-туыс пен дос-жаранның көңілін таба білген. Қайын атасы Мендіахметтің дәрет алар суына дейін жылытып беретін әдетінен бірде-бір жаңылмаған ол, ибалы мінезімен ата-енесіне, еліне жаққан сыйлы келін болған. Сондай-ақ, Зухра Шәріпқызы, қолынан өнер тамған ісмерлігімен, еңбекқорлығымен де дараланған.

Зухра Шәріпқызының өзіне адал жар болумен бірге үлкен серік, қамқор дос бола білгендігін ризалықпен еске алған Димекен басына қара бұлт үйірілген кездерге ой жүгірте отырып: «Есеп қызметкерлерінің табиғаты бөлек қой. Марқұм Зухраш мен таңқалған бір іс жасады. Жылдар бойы алған затының есебін жүргізіп отырыпты. Не алса да ақшасын төлеп, квитанциясын сақтап келіпті. Тіпті, бағасына дейін көрсетіліп, сатып алғандығын растайтындай аты-жөні мен қолын қойдырып отырыпты. Маған араша түскен ең басты құжаттар осы болды», – деген екен.

Дінмұхамед Ахметұлы аса ыждағаттылықпен, үлкен сүйіспеншілікпен назар аударған, көңіл бөлген жайттың бірі – Алматыдай ару қаланы көркейту мәселесі еді. Және бұл Алматының сол кезеңде астана болғандығымен ғана байланысты емес. Бұл махаббаттың бір ұшы Димаш Ахметұлының нағыз алматылық, өзінің жазғанындай, «Верныйдың жергілікті тұрғыны» екендігінде жатыр. Сол себепті де, ол Алматыны абаттандыру ісінен қаржы аяған жоқ. Егер де қазақ елінің кешегі астанасы өзінің ұлттық бет-бейнесімен, бедерімен әлемге танылып, Алатау бөктеріндегі ару қала қайталанбас бірегей кейіпке енген болса, ол – ең әуелі Дінмұхамед Ахметұлының еңбегі. Күллі жұртты күні бүгінге дейін таңдай

МІНЕЗІ

Димаш Ахметұлы туралы естелік айтқандардың қай-қайсы да ол кісінің өте кеңпейіл, сабырлы да салмақты, парасатты адам болғанын баса айтады. Мейлі қызмет бабында, мейлі күнделікті өмірде болсын, ашу шақырып, дауыс көтеру, біреуге жекіру әдетінде болмаған. Үлкен-кішімен бірдей ашық-жарқын кейіпте сөйлесіп, елмен еркін араласқан. Үкімет қызметінде жүрген кезінің өзінде жұмысқа ешбір оққағарсыз, көліксіз, аяндай басып жаяу барғанды ұнатқан. Кісі баласын жамандап, сыртынан сөз айту, ғайбаттау дегенді білмеген. Сол сияқты, жақсылығын білмеген, байыбына бармай өзін күстәнәлаған адамдардың өзіне де кешіріммен қараған, біреумен өштесу, кек сақтау Димекенге жат болған. Басынан кешкен түрлі жайттарды меңзей отырып, «Сталиннен Горбачевке дейін» атты мемуарында өзі бұл жайлы: «Осы кезге дейінгі ұзақ өмірімде көптеген жайттар кездесті, оның жақсысы да, жаманы да бар. Бірақ бұл – менің өмірім. Басқалар сияқты, менің басымда да «қаралы» күндер болды, бірақ мен олардың бірде-бірін жадымнан сызып тастаған жоқпын. Сондай-ақ, ештенеге өкінбеймін және ешкімге өкпелемеймін де» деп сыр ақтарғаны аян. Жаратушы кең бітім, жомарт мінезбен даралаған кісілігі зор адам ғана осылай айта алса керек.

ЕҢБЕГІ

50 жыл ел тағдырына араласып, жауапты қызметтерді абыроймен атқарған Дінмұхамед Асқарұлы өте парасатты, көрген саясаткер ретінде танылды. Көп нәрсені Орталықтың кесіп-пішіп отырғанына қарамастан, ұлт мүддесіне қатысты мәселеде ешкімге ессен жібермеуге күш салды. Тың жерлерді игеру, Өзбекстанға өтіп кеткен қазақ аудандарын қайтару, Шардара өңіріне атом электр станциясын салғызбау, Ерейментау топырағынан неміс автономиясын ашуға жол бермеу тәрізді маңызды зор мәселелерде білікті саясат ұстанып, асқан табандылық танытты. Бұл ретте Димекен Мәскеудің еліміздің тағдырына қатысты әрбір іс-әрекетін алдын ала сезіп, біліп отырды және оны өз пайдасына шешуге тырысты. Білікті басшылық нәтижесінде сол жылдарда Қазақстан Республикасы Кеңес Одағы көлеміндегі 14-орыннан алдыңғы үштіктің қатарына шықты. Одақ бойынша екінші астықты алқапқа және көпсалалы өнеркәсіп аймағына айналды. Сөйтіп, еліміздің өндірістік ауқымы он есеге өсті. Олжас Сүлейменовше айтсақ, дамудың мұндай қарқыны басқа бірде-бір республикада болған жоқ.

Өкінішке қарай, Желтоқсан көтерілісінен басталып, 90-жылдарға дейін жалғасқан орынсыз қаралаулар мен байбаламдар Дінмұхамед Ахметұлының елін көркейтуге бағытталған ұзақ жылғы еңбегін әп-сәтте желге ұшқандай етті. Бірақ ол кісі табиғатына тән сабырмен, кең мінезбен бәріне көнді, бәрін көтерді. Еңбегін бұлдап, ешкімге кінә артқан жоқ. Кеңес Аухадиевтің сөзімен айтсақ, «Көзі жұмылғанша «Қалың орманда тек биік қарағайдың басын ғана жел шайқайды, халқыма өкпем жоқ» деуден танбай кетті». Яғни өз арының ақтығына сенімі кміл болған ұлы тұлға әділеттің түбі салтанат құрарын білді. Содан соңғы демі таусылғанша елмен емен-жарқын араласып өтті. Естелік кітаптар жазды, кездесулерге барды. Ең ақырында Мұхамеджан Тынышбаевтың 125 жылдық мерейтойына қатысу мақсатымен Сарқантқа сапар шекті. Сөйтіп, Димаш ағаның соңғы демі өзі идеал тұтқан бірегей тұлға туған топырақта үзілді.

Білуімізше, Дінмұхамед Ахметұлы екі нәрсені армандапты. Оның бірі – Қазақстанның тәуелсіз ел болғанын, ал, екіншісі – ХХІ ғасырды көру екен. Өкінішке қарай, тағдыр оны маңдайына жазбады. Дәтке қуат естеріміз, екеуін де Димекеннің өзі ерекше қадір тұтқан ел-жұрты, халқы көрді. Ал елі барда Димаш аға есімі де мәңгі жасайтыны анық.

Роза РАҚЫМҚЫЗЫ.

БӘРЕКЕЛДІ!

Жарқын болашақ кепілі

Биылғы Барыс жылын Мемлекет басшысы «Балалар жылы» деп жариялады.

Қасым-Жомарт Тоқаев жаңажылдық құттықтауында: «Балаларға ерекше назар аудару керек. Себебі, олардың амаңдығы – мемлекетіміздің жарқын болашағының сенімді кепілі. Сол себепті, келесі жылды «Балалар жылы» деп жариялау керек деп есептеймін», – деген болатын.

Бұл жылды тек ұрандап немесе мереке түрінде атап өту ғана емес, ең алдымен билік тарапынан денсаулық сақтау, білім беру және әлеуметтік қамсыздандыру саласында балаларды қорғау мақсатында нақты іс-шаралар жасалуы керек. «Өске-лең ұрпақтың үйлесімді дамуы мен бақытты балалық – бұл біздің жалпыұлттық міндетіміз», – деп атап өтті Президент.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

МӘДЕНИЕТ МӘЙГЕІ



Ынтымақтастық тереңдей түспек



Айжан
БҮРКІТБАЕВА

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев 2022 жылды «ТМД халық шығармашылығы және мәдени мұра жылы» деп мәлімдеген. Оның айтуынша, мәдени-гуманитарлық өлшемдер тарихи байланыстарды сақтау және халықтардың одан әрі жақындасуында маңызды рөл атқарады.

Жыл аясында тарихи байланысты сақтауға, мәдениет, туризм және спорт саласында өзара іс-әрекеттестікті нығайтуға бағытталған 100-ден астам шара өткізіледі деп жоспарланып отыр.

Елімізде өзіндік дәстүрлі халық қол-өнері бар көп ұлт пен ұлыс тұрады. Барлық халық өткеннің мәдени мұрасын ғасырлар бойы қастерлеп сақтап келеді. Сондықтан халық шығармашылығы жылы Қазақстанның көпұлтты мәдениетімен және халық шығармашылығымен мейлінше көп адамды таныстырудың мүмкіндігі болып отыр.

Қ.Тоқаев ТМД елдері басшылары кешесінің отырысында атап өткендей, халық шығармашылығы және мәдени мұра жылы тарихи байланыстарды сақтауға, мәдениет, туризм және спорт саласында өзара іс-қимылды нығайтуға бағытталған 100-ге жуық іс-шараны қамтиды. Оның айтуынша, бұрын қабылданған бағдарламалық құжаттарды сапалы жүзеге асыру бұл саладағы ынтымақтастықты тереңдетуге ықпал етеді.

Бұл – жастар ынтымақтастығы саласы, туризм саласы, сондай-ақ денешынықтыру және спорт саласындағы үш стратегия жайлы болып отыр.

